

БОЛАТ ҚОЖАХМЕТОВ

АСПАҢДАҒЫ  
АРҒЫМАҚТАР





**Болат ҚОЖАХМЕТОВ**

**АСТАЛДАҒЫ  
АРҒЫМАҚТАР**

**ӨЛЕҢДЕР**



**Петропавл қаласы.  
2002 ж.**

*Маған ақындығын дарытқан марқұм  
анам Мәртай,  
бұл кітап саған ескерткіш.*

---

*Бұл бір кітап - көп жылдардың жемісі,  
сонда өмірдің сан өрі мен еңісі.*

*Жыр сапарға мен шыққалы не заман,  
жеттім бүгін, қала жұрты, ел іші...*

*Өлең асау: онда аптап бар, боран бар...  
Жайып салдым соның бәрін, жарандар!  
Қаншама жыл тас қамауда тарт ұрған  
"Аспандағы арғымаққа" қараңдар!*

"Арғымағыма" жол ашқан Құдайберген Қалиев, Сайлау  
Өтеев, Ескендір Елеусізов, Айбек Қызыкенұлы, Атанбай  
Әлжанов, мың алғысым сіздерге, жиналған бүкіл алаштан!

**Автор.**

35631

**Болат ҚОЖАХМЕТОВ.**

Өлеңдер.

144 бет. 2002 жыл.

ISBN 5-7667-9713-3

© Б. Қожахметов.  
2002 жыл.

012

# АЛҒЫСӨЗ

Болат Қожахметовтың өлең өлкесінде өз қаламының өрнегін салып, поэзия пырағының жалына жармасқанына да қырық жылдан асып кетіпті. Мына жинақтың алғашқы беттеріндегі туындыларының соңында 1958 жылы жазылғаны жөнінде белгілер тұр. Одан бері қаншама жылдар жылжып өтті, қаншама жырлар жазылды десеңізші. Бірақ жыр кітабын шығаруға асыққан жоқ. Ақындық өнердің киелі қасиетін түсінді, жыр құдыретін кір шалдырмай, кіл асылдарын іріктеп, ұзақ салмақтап, саралап барып ұсынуды мұрат санаған сияқты.

Болат ақынның есімі республика көлемінде жақсы таныс. Оның өлеңдері республикалық газет-журналдарда жарияланды, жас ақындардың «Жігер» атты республикалық фестиваліне қатысып, өзінің өлең өресін үлкен сахнадан лайықты таныта білді. Халық ақындарының біздің облыста С. Мұқановтың, Ғ. Мүсіреповтің туғанына 90 жыл, М. Жұмабаевтың туғанына 100 жыл толу құрметіне өткен республикалық ақындар айтысында ол дәйім қазылар алқасының мүшесі болып төрде отырды. Б. Қожахметовты қай қырынан алып қарасақ та — мейлі, ол қалам тербең жыр кестелесін, мейлі жыр жарысының додасына төрелік безбенінің бағасын белгілеп отырсын — ақындық талантын айқын таныта білген дарын деп танимыз.

Болаттың өлеңдеріне тән өрнекті бедерін атар болсақ, алдымен кестелі көркемдігін, ойға, толғанысқа құрылған шымыр шумақтарын ауызға аламыз. Ол өлеңді жеңіл оқылатындай етіп, жібектей сусыған үйлесіммен, маржандай мәнерлі мақаммен толқыта біледі.

Қайтатын құстар  
қанатын тез-тез  
қақты ма,-  
сүмбіле туып,  
су салқындаған шақ мына:  
құнары қашқан жайлаудай  
қасаң бақ мына...

Бейсауат жүріп,

Беймезгіл кеппін аққұла! — деген тәрізді шумақтар мың бұралып, желдей есіп, тілге тез орала кетеді, жүректе тез жатталады. Әдемі сурет салады жыр жолдары. Бояуы қанық, ойы тұнық. Осындай жылы шумақтардың мол ұшырасқаны жақсы, әрине, олар жинақтың құнды қасиеттерін қанықтыра түсері де анық.

Болат — жалаң үгітшілдіктен, жаттанды арналардан, саяси пәлсападан бойын аулақ ұстайтын ақын. Оның жырлары дені дала табиғатына, ауыл адамдарының тұрмыс-тіршілігіне, ой-сезімдеріне арналған. Барынша шыншыл жырлар төгуге ұмтылады дәйім. Шабыт құсының осы талпынысы сүйсіндіріп отырады және қымбат.

Осы пікірімді тұжырымдай отырып, мынаны айтқым келеді: Болат Қожахметов жұртқа танылған ақын, оның жырларын сүйіп оқитын өз оқырмандары қалыптасты, ұдайы іздену, толғаныс үстіндегі қаламгердің жырларының жеке жинақ болып шыққаны әбден дұрыс.

**Бақыт МҰСТАФИН,**  
**Қазақстан Жазушылар одағының**  
**облыстық бөлімшесінің жауапты хатшысы.**

# АЛҒАШҚЫ АДЫМ

*Өлеңім, бала кезден жолдасымсың,  
Әрқашан сен асқақсың: алда – шыңсың!  
Шіркін-ай, шың басына шығар ма еді,  
Табаным тимей қойған ол да тылсым...*

## КӨКТЕМ

Көктем келді күлімдеп,  
Ойнауға рақат балаға!  
Есіл тасып, гүрілдеп,  
Құяды сай-салаға.

1958 ж.

## АНАМА

О, ана, ардақты ана, абзал ана,  
Тәрбиең маған берген азғана ма?!  
Мендегі махабаттай саған деген,  
Ыстық-ау ықыласың өз балаңа.

Мейірлі тәрбиеңе ырза жаным,  
Сол үшін нөсерлетіп жыр жазамын.  
Көл болсаң кең айдында шалқып жатқан,  
Балауса құрағың боп ырғаламын.

Келсем де он бес жасқа осы күнде,  
Тағасың сәбилік ат есіміме.  
Мен-дағы мәңгі-бақи ана атыңды,  
Өлеңнің тербетермін бесігінде.

1961 ж.





# ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗ

Бәйгі өңірі — Байқоңырда көктем-ді,  
Күн күлімдеп күміс нұрын төккен-ді.  
Ерлік жанып жанарда,  
Самал да оған саулық тілеп өпкен-ді.

«Восток» атты көк кемесі — таңғы үміт  
Құс жолындай ақ түтін із қалдырып,  
Кетті самғап ғарышқа,  
Бәйбіт күннің әсемдігін ән қылып.

Адам ұшты космосқа! Уа, адамдар,  
Көгілдір көл көк аспанға қарандар!  
Әне, заулап барады,  
Жарық жұлдыз құшағында адам бар!

Ол — Гагарин. Біздің елдің ұрпағы,  
Біздің елдің темір қанат тұлпары.  
Отан үшін туған ер,  
Біздің елдің, Совет елінің сұңқары!

Мөңкі мұхит, тула теңіз, соқ самал,  
Аспанға атыл тұнып тұрған тоспалар!  
Ән салыңдар, ақ орман,  
айқара ашыл күндей күліп қос жанар!

Шаттық-шарап басымызға құйылсын,  
Көңіл құсы күміс күлкі күй ілсін.  
О, ақ жүректі халайық,  
Сендерге мол берер өлең - сүйіншім!

... Үлгіргем жоқ кірпігімді сәт қағып,  
батыр мінген жарық жұлдыз өтті ағып.  
Сау оралғай, Гагарин,  
Күтем мен де өлеңіммен от жағып!

1961.

# КҮЗДІГҮНІ ТУЫППЫН

Қоңыр күз.

Қараңғы түн.

Тымық аспан,

Жұлдыздар байқалмайды жымыңдасқан.

Мен ояу,

түн қалғиды,

ел үйқыда,

Әлі түр түн пердесі сырылмастан.

Қарасам осы маңның келбетіне:

Тұңғиық қараңғылық жер бетінде.

Суық жел сары масадай ызыңдайды,

Шыбықтар сыр шертеді тербетіле.

Сұр күшік, тоңды білем, қыңсылайды,

Малдар да пішендегі тыншымайды.

Сүп-суық саусағымен ашулы жел,

Ыза боп өн бойымды шымшылайды.

Тырналар өте берді тыраулаған,

Солардан секілдімен сыр аулаған.

Әнекей, есік ашып, шешем шықты:

«Тоңдың ғой, үйге жүр», - деп тұр-ау маған.

Мен тұрмын тап осынау табиғаттай:

Үн-түнсіз, жырды қозғап дабыл қақпай.

Бойым – от,

ойым боран,

тұрмын әлі,

Келіп ем шамдар сөніп, ауыл жатпай.

Туыппын күзгі түнде дәл осындай,  
Көңілім көл-көсір даласындай.  
Тілек сол — ойшыл күздей ойшыл болсам,  
Қазақтың жете туған баласындай.

1963.

## МАХАББАТ

Алыстан-ақ байқалған,  
Махаббат- қырдың қызыл қызғалдағы жайқалған.  
Бұйра жалды толқынды,  
Махаббат - өр мінезді өршіл өзен шайқалған.

Бүршіктенген жаз шығып,  
Махаббат - сәби сынды албырт, аңғырт жас  
шыбық.

Көңілі пәк, кіршіксіз,  
Махаббат - қыз мінезді, жылы жүзді жас жігіт.

Таңырқайтын таңдана,  
Махаббат—сал-сылқым қыз, көз тастайтын паңдана.  
Мол ләззатын құятын,  
Махаббат —мөлдірлігі тұнық судай таңғы ауа.

Нұрға бөлеп қыр үстін,  
Махаббат — жыр себелеп, күлімдеген күміс күн.  
Мен - махаббат жыршысы.  
Махаббат — ол  
Мына менің сүйіктім!

1964.



# ӨЛЕҢІМ

Сырлас досым, құрдас досым - өлеңім,  
Өн бойыңнан өз бейнемді көремін.  
Бірге жатып, бірге тұрып өзіңмен,  
Өрелі ойлар өремін.

О, өлеңім – менің өмірбаяным,  
Өзіңменен өрге құлаш жаямын.  
Өзіңменен тәмамдармын дүниеде  
Ұзақ жолдың аяғын.

Мен – кеншімін, қалам – бұрғы, өлең - кен,  
Өзіңнен тек көрінбегей көлеңкем.  
Жүрегімнен қайнап шықсаң, сонда жұрт  
аялайды сені, еркем!

1965.





# БҮЛ КӨКТЕМ

Аңсап күткен сағына,  
Келді, міне, гүл көктем.  
Бұлбұл боп қон бағыма  
Жарқын көктем, нұр көктем.

Ашылмаған гүлдердің,  
Бүрін ашсын бұл көктем.  
Шымылдығын күндердің,  
Түріп ашсын бұл көктем.

Жырқұмардың қаламын,  
Ұштай берсін бұл көктем.  
Талапкердің талабын  
Құптай берсін бұл көктем.

Түндей қара жандарға  
Таң боп келсін бұл көктем.  
Жалын шашып жанарға  
Ән боп келсін бұл көктем.

Кіршіксіз пәк көңілге  
Шөлдеп келсін бұл көктем.  
Шөліркеген өңірге  
Көл боп келсін бұл көктем.

Жұмыр жерді жасыл-көк  
Нұрландырсын бұл көктем.  
Бәрімізді ақын боп  
Жырлап жүрсін бұл көктем!

1965.

# ҚАРА КӨЗДЕР

Қара көздер – жаңбыр жуған мойылдар,  
Қара көздер – таңғы тылсым тып-тынық.  
Қара көзді қыздардың тұла бойы бал,  
оларды сүймеу - ... мықтылық.

Қара көздер – тым тұңғиық дария,  
Қара көздер – теңіздің бір тамшысы,  
Қара көздер – кінаратшыл қария,  
қатты тиер қамшысы...

Қара көздер – маңдайдағы жұлдыздар,  
Қара көздер – фотоаппарат шырт еткен,  
Қара көздер – қаса сұлу бұл қыздар,  
көп жігітті күлкі еткен.

Ей, оқушым, есте жүрсін сөздерім,  
мүмкін емес олар жайлы сөз қылмау!  
Әттең, мені сүйген қыздың көздері,  
қара емес, бозғылдау...

1965.




Сырласым-ау, сағындырдың, аңсаттың,  
Бір басыңа бағындырдың, тамсанттың.  
Жалын — демің шарпығаны жадымда,  
Жаным менің, ойлай-ойлай шаршаттың!

Ауру жандай түнде кірпік ілмеймін,  
Ауыр қандай! Шипасын да білмеймін.  
Таң сәулесін талмай тосқан әлемдей,  
Жан сәулешім! Сағындым ғой, күл, мейлің...

Ақындардай жыр азабын аңсаған,  
Аққулардай айдынды аңсап ән салған, -  
Шын сағындым жүрегіммен мен сені,  
Шын шағындым тілегіммен мен саған.

Сағынамын өлең бұлтын торлатып,  
Сабыламын жыр күмбезін орнатып.  
О, сәулешім, сағынам ба сүймесем,  
Сүйгеніңді сағыну да — зор бақыт!

1966.





# ҚЫР СУРЕТТЕРІ

Сахара төсі саржағал түске боянған,  
сынаптай сулар ылдиға қарай құлапты.  
Алтын жал орман ұйқыдан бейне оянған,  
жапырақтар жылап тұр.

Таспадай тас жол тартылып жатыр жалтырап,  
алыс-ау әлі ... Шаһарға шеті шаншылар.  
Сиреген селеу шөптерге шығып қалтырап  
түр өйнек көз тамшылар.

Босыған бұлттар түтілген қалың түбіттей,  
үріккен дерсің: үдере көшіп барады.  
Міне, осынау мезет жалт етіп шығып жігіттей  
Күн күлімдеп қарады.

1968.



35631

# ЖАП–ЖАС

## ШАҒЫМ

*Қайран, қымбат уақытты ұрлап өскен  
аптаны айтпа: ай аттап, жылдар көшкен!  
Кеше ойынды күйттеген бала Болат  
Жолдас болып тұр бүгін жиырма беспен!*

# АСПАНДАҒЫ АРҒЫМАҚТАР НЕМЕСЕ БАЛАЛЫҚ ТУРАЛЫ ЭТЮД

Көктегі керуен...  
Шолғанда көзбен көбелеп:  
Шалбурыл бұлттар  
арғымақтарын жебелеп,  
солардың  
бұйра жалынан жаңбыр себелеп,  
дүние  
демде буырқанатұғын, не керек...

Арғымақтардың  
қос қапталынан жел кеулеп,  
тоғысып бұлттар  
аспанның төсін белдеулеп,  
нөсерге  
жасын жан беріп, отпен демеулеп,  
жауатын жаңбыр  
боздаған бұлттар бебеулеп.

Өткінші осы:  
қас-қағым сәтте басылып,  
арғымақ-бұлттар аттанып,  
аспан ашылып,  
кемпірқосақ та керіліп,  
көкке асылып,  
сынығы Күннің  
жататын Жерде шашылып...

Өткінші солай өтетін лезде -  
армандай,

кететін лезде -  
тұтамдай тірлік-жалғандай.  
Мен тұратынмын -  
үсті-басым су малмандай,  
арғымақтарымнан айрылып,  
жаяу қалғандай...

Аспани шағым  
арғымақтарымды жебелеп,  
нажағай-нөкер  
жөңкілген көшті көбелеп,  
бұлттардың  
бұйра жалынын жаңбыр себелеп,  
балалық, шіркін,  
демде өте шықты, не керек...



# МОДА ТУРАЛЫ ОДА

*Адам бойындагының бәрі де:  
бет-әлпеті де, жан-дүниесі де, ақыл-  
ойы да, киім-кешегі де әдемі болуға тиіс.*

*А.П. Чехов.*

Мода деген - ұғым ғой көлемі кең,  
(ақын көрсін өрнектеп өлеңімен).  
"Мода" деген ұғымды өзімше ұғып,  
өзімше ұғым іздеймін  
үнемі мен.

Мода деген -  
қыз болар қаса сұлу,  
айтып ауыз жетпестей аса сұлу;  
қолдан құйып қойғандай -  
шақ киімі,  
жаның сұлу болса егер, жаса, сұлу.

Мода деген -  
жігіт пе сыптығардай?  
Қыз біткеннің жүрегін күпті қылмай,  
махабаттың ауырын арқалайтын,  
жайшылықта жүретін  
көпті құндай...

Мода деген -  
меніңше, ақ шаһарлар,  
мейманына тілейтін ақ сапарлар.  
жәннаттай боп жайнаған  
қалалардың шашуындай -  
ақ жаңбыр, ақша қарлар...

Мода деген -  
ажарлы ауыл шығар?  
Ауылдағы бауырмал қауым шығар?  
Сері жігіт,  
сылқым қыз онда да көп,  
Мода іздеп ауылға барушы бар...

Мода деген Рим мен Парижде ме?  
Лондон мен Токио...  
әрі іздеме!  
Бірақ мұндай мазасыз шаһарларға  
қайтсем барып қайтуды  
парыз деме.

Парыз десең -  
оқы, көр дастан, кино.  
Әрі іздесең -  
Арбат пен Останкино.  
Тағы іздесең -  
Киев пен Ленинград,  
Табылмайды олардан асқан кино.

Мода деген -  
қымбатты киім емес,  
(Киім деген бұл күнде бұйым емес!)  
Киім болса  
жарасып тұрғаны жөн,  
шектен шыққан жел мода - құйын елес.

Мода деген —  
шаш та емес шудаланған.  
Сүрмеленген көз де емес  
уға қанған...

Бұрандаған би баққан даңғаза ма,  
алаөкпе әндер бір сәттік дуда қалған...

Мода деген —  
соны да озық үлгі,  
(жұрт кимейді, әрине, тозығынды).  
«Адам көркі — шүберек» деген дұрыс,  
содан да шүберектің өзі құнды...

Мода деген —  
сән-сымбат, ғазиз көрік,  
жалтылдайтын  
жақұттай тәрізденіп.  
Өмірің жас, көңілің одан да жас  
болғандықтан,  
жүрміз ғой сән ізденіп...

Мұны айтамын  
қасыма, досыма да.  
(Бұл сөзіме қалың жұрт қосыла ма?)  
ең әуелі —  
жанымыз сұлу болып,  
киіміміз келіссе —  
осы мода!!!



# ПЕРИЗАТТАР ПОРТРЕТІ

*Триптих*

1.

Қыздар-ау!

Сендер жайында жүдеу жыр жазып жүргем жоқ,  
сонда да сусын сырларыңды сәтте білгем жоқ.  
Жақсылық жайлар жаттадым сендер хақында,  
күйініштеріңе күлгем жоқ.

Базары сендер – мереке күткен өмірдің,  
ажары сендер – береке күткен көңілдің.  
Жүректі жаулай, тілекті баурай беріңдер,  
бәйшешегі боп өмірдің.

Еркесің сендер (бұла боп өскен) Есілдей,  
елтесің сендер – шырағы көшкен бесіндей.  
Көзінің сұғын қадамай қалмас қашан да,  
бозбала біткен тесілмей...

Сұлусың сендер – көктегі керім айымдай,  
сыршылсың сендер - көктемгі өрім қайыңдай.  
(Қаз мойын, қанжар кірпікті, қылыш қас құрбым,  
көркінді көрме уайымдай...)

Сендермен өмір алауы мәңгі маздаған,  
сендерге небір жазсам да өлең аз маған.  
Махаббатнама сыйлармын, сәулем, сендерге,  
Ешқашан ешкім жазбаған!  
Қыздар-ау!



Жаралған соң ба қызғалдақ құмар ақын боп,  
(бар арман сол ма?) сендерге жүрем жақын боп.  
Егерде ақын болмасам...  
Жо-жоқ, сонда да,  
жырламас менің хақым жоқ!

## 2

Мүкәмалын масаттың тал бойына жыйып бір,  
әмбе әйбат сұлулық бір бикешке сыйып тұр.  
Сән-сымбатқа сайма-сай секілді жан сарайы,  
адамгершілік атаулы бәрінен де биік тұр.

Тамып кетер тәрізді  
таңғы шықтай көз қандай!  
Кірпіктері қанжардай қимылсыз тұр қозғалмай,  
желбағаз жүз, жұқатай — уылжыған уыздай,  
ақ бұлақтай бүлкілдеп ағып жатқан сөз қандай!

Шымқай шәйі жібектей  
бұлақ бұрым шаш қандай,-  
Ай — аспанның аруы — көлге күміс шашқандай.  
Қос қабағы қылыштай қос жанарды қорғап тұр,  
жүрексіздеу бозбала қарай алмай қашқандай.

Кеберсіген қос ерін  
қыран қонар шыңдай бар,  
(шыққың келсе шырқауға — шың тыңысын тыңдай  
бар).  
Төте тартар жол іздер  
кейбір-кейбір көрсоқыр,  
жүгінбесе жүрекке мертігеді мұндайлар...)  
Құйылғандай қоладан  
дене қандай көрікті:

қос қайындай аяғы әсем біткен,  
берік тұр,  
сазан саны бұлтылдап,  
мамық мықын жай жатыр,  
көкіректе қос анар нысанадай төніп тұр.

(Әй, әйтсе де байқаймын:  
хауіп-қатер сезгендей,  
дүркін-дүркін дірілдеп тұр бәріне де төзгендей...  
Қасқыр құсап жол тосқан  
мен Бекежан емеспін,  
Төлегенге табынам, Жібек болса кез келгей...)

Бәрін айт та, бірін айт —  
Көздерін айт, көздерін!  
Көктем көрсем көздерден —  
қажеті жоқ өзгенің...  
... Сұлулық деген, бауырым, бола береді екен ғой,  
баяндауға бәр-бәрін...  
жетпей де жатыр сөздерім...

### 3

Қарағым-ай, не деген көркем едің!  
сартап сезім саздарын шертер едім,  
бойды билеп барады,  
буынға еніп , -  
сәуірдегі самалдай ерке демің.

«Тіл қатты, - деп сен сөксең, - өктем келіп»,  
мен мөз-майрам —  
қалғандай көктем келіп.  
Қыз біткенге бітпеген  
бет бөденің,

Міне, қандай сұлулық!  
Неткен көрік!

Қара көзің - бұлақтың тұнығындай,  
қара қасың - орақтың сынығындай.  
Аққу мінез, аруым, асылзада,  
кездеспедім келбетке бұрын мұндай.

Қос бұрымың арқанда бұлғақтаған,  
қос ғашықтан аумайды  
тіл қатпаған,  
Нефертити мойнындай мапа мойын —  
бәрісі де етене сымбат саған.

Гүл ерінің  
қол жетпес жұлдыздардай,  
жол да жетпес —  
тұманды шың-құздардай.  
Көрген көзді қариды  
ақша бетің,  
ақша бетің бейне бір күзгі қардай.

Қарағым-ай, не деген сұлу едің!  
Жүрегімді жібітті жылу-лебің.  
Қыз болған соң -  
сұлу да болу керек.  
Мен осының бәріне сүйінемін.

1970.



# ТОЙ ТОЛҒАНЫСЫ

Ата-анам менің...  
оларға бүгін жел біткен.  
Туыстар түгіл,  
тілеп тұр бақыт ел біткен.  
Ұяма ұшқан құсымды  
қолға қондырдым,  
осынау күнді мен күткем...

Атам ғой анау -  
Жанарда жасы мөлтілдеп,  
Сексенге келіп қалса да,  
Жүрген елпілдеп...  
Апамды айтсай -  
Шау жүрек шақ тұр жарылмай,  
Жаулығындай желкілдеп...

Беу, зағип әпкем,  
өмірі мұндай қуанбас!  
Қайғыға қайдам?  
Қуанышқа көз суалмас.  
Айтарға, өтген, тілі жоқ болса,  
қайтерсің,  
шын жыласа ол уанбас...

Інім де қызық.  
Қызыққа мәз боп күледі.  
Құлындай тулап тұр ма екен  
сәби жүрегі?  
Осынау күнді  
ол-дағы күткен тағатсыз  
бірге боп бізбен тілегі.

Ағайын-туыс –  
Бір емес, ондап-жүздеген,  
толайым – түгел  
тілеуқор болған бізбенен.  
Жақсылық үшін  
жаралған жандар бәрі де,  
қуаныш қана іздеген...

Таңырқап тұрдық,  
жарым да, мен де көргенде:  
«Бүкіл ауыл осы үйге көшіп келген бе?  
Еңкейген кәрі, еңбектеп жүрген бала да...»  
Масайрап қалдым мен демде...

\* \* \*

Бермен қара барлығың!  
Той басталды!  
Шырқа, жігіт, қанекей «Тойбастарды».  
Той дегенде қу бас та домалайды,  
шақыр анау үрпиген жолдастарды.

Ақ таңындай сәуірдің күлімсіреп,  
жеңгейлер жүр зыр қағып «Сүйінші!» деп.  
Мұндай тойды ата-анам көрмеген-ді,  
келін түсті бұл үйге бірінші рет!

Келін түсті тұңғыш бұл шаңыраққа,  
Күткендер бар бұл күнді аңырап та...  
Қанша жаны қырылды осы отаудың  
Енді қайтып, құдайым, қаңыратпа!

Көрген де бар бұл күнді, көрмеген де...  
«Өлі балық, деген ғой, өлмегенге».

Жабырқаман, жан болса — мал табылар,  
Айға қолым жетердей сермегенде...

Өтіп жатыр үйлену тойым бүгін,  
Думан бүгін, ду бүгін, ойын бүгін.  
Той дегенде тектен-тек тұрмас болар  
Басқарады, қанекей, ойынды кім?

\* \* \*

Ойхой, шіркін!  
Базарлы той басталды.  
Әнші жігіт шырқады «Тойбастарды»  
«Беташарға» басты кеп бұдан кейін,  
«Жар-жарды» іліп әкетті жолдастары...

Сол-сол екен, той үрдіс қызып кетті,  
Үрдіс баурап барады қызық көпті.  
Сол-сол екен, орнынан атып тұрып,  
Ақын жігіт тілегін тізіп кетті:

«Жас жұбайлар, тойларың құтты болсын!  
Қос махаббат мәңгілік мықты болсын.  
Қалыңдығың қайырлы болсын, бауырым,  
Алтын ұя ауылға құтты болсын!»

Жаңа қонған жас отау берік болсын!  
Жас жұбайлар жарасқан серік болсын!  
Жамандықтан екеуі жерік болсын,  
Жақсы өмірге екеуі көрік болсын».

Бүгін той ғой — бір түнге шаршамадар,  
Шаршамандар, өтінем, барша жандар.

Көтеріндер көңілді көпшілік боп,  
Осы күнді қырық жыл аңсаған бар.

Бүгін той ғой — шалқиық, шаттанайық,  
Шаттанайық той деген атқа лайық.  
Бақыт құсы қонды кеп осы үйге,  
Бақыт тілеп осы үйден аттанайық.

Бүгін той ғой — әлемге ән тарасын,  
Жиылған жұрт жүз алғыс арқаласын.  
Осы өмірдің өзі де той емес пе,  
Той көбейсін, тойымыз тарқамасын!

1972.



# ТОЙ КӨЙЛЕГІ

Ақ торғынға оранып  
дамылдаған,  
аққу құстай таранып  
мамырлаған  
қалыңдықтың кигені —  
үлпілдеген  
той көйлегі тозаңға шалынбаған.

Соңғы жауған сәуірде  
Аппақ қардай  
той көйлегі —  
денеге шап-шақ қандай!  
Көкіректі ұрғылап  
күміс толқын,  
бойды шарпып барады —  
аптап бардай...

Ақ желкендей көйлекті  
желге керіп,  
махаббат пен масатқа  
тең бөленіп,  
қалыңдық шыр айналып билеп кетті  
етегімен бірге  
Жер дөңгеленіп...

Махаббаттың  
ақ көйлек ақ туындай,  
өзі болса —  
сол тойдың аққуындай.



Қылаң сағым би лебі  
лекітеді,  
жүректердің  
таратып шаттығын бай...

Тыныстамай  
ақ көйлек тағат тауып,  
тағы да ұшты —  
кептердей қанат қағып...  
сол-сол екен,  
көпшілік биге шықты,  
кәрі-жасы —  
күллісі адақталып.

Бұған,- болса-болмасын,  
жұрт райланды,  
жадыраған жүздері  
нарттай жанды.  
... Той тарқады.  
Би тынды.  
Көйлек болса —  
көкке ұшып кетті де,  
бұлтқа айналды...

Бір той өтер осылай  
жас шағыңда,  
өтер, кетер —  
бәрі де қас-қағымда.  
Бірақ та  
той көйлегі тозбас:  
бұлт боп  
көшіп-қонып жүреді аспаныңда...

1977.

# 1. СЫРЫМБЕТКЕ САПАР

О, ханның елі,  
Паһ, әннің елі – Сырымбет;  
Шоқанның елі,  
Ақанның елі – Сырымбет.  
Шөлдеген едім:  
көрмеген едім бұрын кеп, -  
тілек те батпан,  
жүректе жатқан сырым көп.

Сырымды айту,  
жырымды айту – бір індет.  
Алып ұш, өлең,  
сағыныш деген түр «індет»...  
Сүйінші болып,  
бірінші болып, жырым, жет, -  
сәлемім болсын,  
әлемің болсын, Сырымбет!

Іш тартып болды:  
қысқартып жолды құрым бет,  
төтелей тартып,  
жетелей тартып бұрып өт...  
шетсіз бел-белес,  
жеткізер емес қырым - шет,  
жолыңды созбай,  
қолыңды созғай, Сырымбет.

Оңымда – Ақан,  
солымда – Шоқан күлімдеп,  
сал Біржандардың,  
өндірі жандардың үні кеп,  
егіліп келем,

төгіліп келем дірілдеп...  
Қымбатсың маған,  
тіл қатшы маған, Сырымбет!

О, ханның елі,  
Паһ, әннің елі – Сырымбет;  
Ақанның елі,  
Шоқанның елі – Сырымбет;  
тұлпардың елі,  
сұңқардың елі – Сырымбет;  
іңкәрмін, тегі,  
шырқармын сені, Сырымбет!

## 2. БЕЙТАНЫС БОЙЖЕТКЕН

- О, сұ-ұ-лу қыз-з! - Қармандым. Елес пе екен?
- Сенің атың Ақтоқты емес пе екен?
- Болса ше?! – деді ол. – Бірақ та Ақан қайда?
- Ақан маған – ақынға – емес бөтен.

- Ақан менен ақында айырма бар!...
- Айтпай-ақ қой, ол жағы ойымда бар...
- Құлагер боп құйындай өте шыққан  
Жырдың жүйрік екенін пайымдап ал!..

Өзі қандай?! Сөз қандай?! Дәл падиша!  
Құрбан болар ем – оны шалға қиса...  
Бозбаланың сауалын тағы тостым:

- Бәлкім, сенің есімің Балқадиша?
- Жылай-жылай бір шалға кете барған  
Оның атын қандай қыз етеді арман?..

...Түсінем ғой: Ақан боп тұрсың қарап,  
Оның кейіпкерлері өтеді алдан...

- Жүр, шығайық басына Сырымбеттің...  
Жымиды қыз тұтатып нұрын беттің.  
...Сырымбеттің қос өркеш шоқысына  
өлең қуып жүрген мен бұрын жеттім...



# ЕСКІ КЛУБ

Ескі клуб...

Ол бізге таныс көптен:  
Дәл ортаға  
Жүректей қоныс тепкен  
Осы отауда оянды,-  
Абыз өнер  
Және алғашқы махаббат  
алыс кеткен...

Өнер оты  
шырақтай демде маздар  
сол клубқа тоғысты  
желбағаздар.  
Домбыраның  
шанағын шымырлатты,-  
аса соққан желдей  
сан терме, саздар...

Келе-келе  
пьеса дайындадық,  
«Қарагөзді»  
сахнаға пайымдадық.  
Сырым, Науша  
тәрізді кейіпкерлер  
орын алды —  
әркімнің ойында нық.

Сол сезімді  
концертте жаршы қылдық:  
«Қарагөзбен» ашылап  
сары шымылдақ,  
қақ жарылып қол соқты, -

ошарылып отырған  
кіл қария, малшы мүлгіп...

осылайша  
шымылдық сан ашылды,  
масатына тамсантип  
жанашырды...  
Еңлік, Кебек  
немесе Бекежан боп,  
жастық сезім  
сахнада аласұрды...

Ескі клуб  
жүректей дүрсіл қақты:  
махаббат пен өнерден  
сыр таңдатты.  
Дәлел айтсам,  
Мен өзім ғашық болдым  
ән салатын  
жас қызға бір сымбатты...

Сөйтіп,  
біздер өнердің арқасында  
озық болдық  
достардың ортасында.  
Құлап қалған бүгінде  
сол клубтың  
аты қалды —  
махаббат картасында...

1979.

# ҚҰС-ҚАРЫНДАС

Таң бозынан  
шарлаған қысқа күзді,  
боз аспаннан барлаған  
үшқан ізді —  
балқұрақтай қыз-қалқа  
бір күнде өсіп,  
ұшып кетеді екен ғой  
құс тәрізді.

Содан ба екен —  
Күзде пәс сарын басым,  
құс қайтарда —  
көңілсіз кәрің, жасың...  
Қиқу салған лекке  
мұңаямын,  
соның бірі —  
менің ғой қарындасым.

Құс-қарындас  
ұшуға жаралған-ау, -  
қанат-қолын комдайды,  
жарандар-ау...  
Дауысынан  
сағыныш самалы есіп,  
сезіміме  
қимас бір таралды алау.  
Құс-қарындас  
қияға кетеді екен;  
қияндардан  
қалықтап өтеді екен.  
Алыстарды аңсайтын  
ақсұңқардың

жақын жерде жүруі –  
бекер екен!

Иә, күздің ғұмыры  
қысқа ғой, рас!  
Жырақтарға жеткейсің,  
құс-қарындас.  
Төрт құбыла – төрт маусым  
түгел болсын, -  
көңіл сүйген көктемге ұш,  
қарындас!





# ЖИЫРМА ЖЕТІ ЖАСЫМДА

«Жиырма жеті жасында...»

*Абай.*

Жиырма жеті жасымда:  
жарқын ойлар — басымда,  
жалпақ елім — қасымда...

Күш-қуаттың кемі не,-  
Күн балқиды деміме,  
көңілім кең еліме!

Шарболаттай бұл жаста:  
шабыт лекіп тұрмас па,  
шаттық серуен құрмас па?!

Бірақ, кеше бұл жаста  
боздақ болған құрдасқа  
бойды теңеу бір басқа!

Қайран тірлік жанкешті:  
қысаңда олар қан кешті,  
қардағы оттай жанды, өшті...

Осы шақта дем бітіп,  
өлмес өлең өрбітіп,  
өтті өмірден Лермонтов.

Ақын Сұлтанмахмұт та  
ауру болып аптықты, ө?  
жете алмады-ау шаттыққа...

«Біз жаспыз», - деп бұлданар  
жиырма жеті жылда олар —  
жүз жылға озған тұлғалар!

Жиырма жеті жасымда,  
Сәуле барда басымда  
Асығайын, расында!..

1973.

## ЭКСПРОМТТАР

Ай аспанда жүзген қыздай аунайды,  
Ал жұлдыздар жігіттерден аумайды.  
Жалғыз қызды сүйеді екен жігіттер,-  
Сан махаббат сәуле болып саулайды.

\* \* \*

Көзінде нұр бар сөнбейтін;  
Сөзінде сыр бар шөлдейтін.  
Шабытым менің екенсің, -  
өзінде жыр бар өлмейтін!

\* \* \*

Екеуміздің тағдырдан тілегіміз:  
Айрылмасын айқасқан білегіміз;  
қайшылық көп өмірдің құндағында  
бірге соқсын сағаттай жүрегіміз!

## **АУЫРМА, АПА!**

Ойпырай, бұдан былай —

Ауырма, апа!

Сен емес,

Елің шегер зәпір-жапа.

Өмірдің өзегісің

өзің ғана,

дертіңе дәрі іздеп

дәуір қапа...

Өйткені —

қалыпсындар қадау-қадау,

және де

қалған ғұмыр жамау-жамау.

Сондықтан бір аурудан қалмай ма деп,

аурудан аулақ көңіл —

алау-жалау...

Өлімді

өмір болып жеңген, ана,

тірліктің мың дауасы —

сенде ғана!

Сен кетсең -

ақ жаулығың желге ұшар,

өзіңсіз —

кең дүниеде кенде дана...

Содан да —

мен тілеймін саулығыңды,

одан да —

болашаққа баулы ұлыңды!

Ал, келмек ақ өлімнен

қорықпа, апа —

желбірет —

ақ туыңдай жаулығыңды!

# ҚАЙРАУ

Жылы, жұмсақ дегенді,  
Жақсы көрмес адам жоқ.  
Бірақ солар неге енді  
бұйырмайды маған көп?..

Шыж-быж болу себебім:  
қорлығы өтті сіңірдің.  
Көрмейін-ақ деп едім  
көк шандырын ғұмырдың.

Сан талай – бірнеше рет  
сыбағама тиеді, -  
кілең қара сіңір ет,  
кетпектей боп сүйегі...

Мүжіп-мүжіп сүйекті  
«Мә!» дер едім – күшім жоқ.  
Кемсендетіп иекті  
күмілжимін – тісім жоқ.

Бақсам, мұны сезбеу - мін,  
бір тырыспай намысқа.  
Тіпті де енді төзбеймін:  
тіс салғызам танысқа.

Сөйтіп, темір тісіммен  
сіңір, шандыр дегенді  
шайнаймын бар күшіммен,  
шыдамаймын мен енді...

# ӘЛІ ЕСІМДЕ

Әлі есімде:

«Армысыз, ағай! – дедің.

«Танымадым, есімің қалай?» – дедім.

Жауап бердің -

жүзіңнен алау атып,

жаутаң-жаутаң

сен маған қарай бердің.

Тағы көрдім:

«Армысыз, ағай!» - дедің.

«Амансың ба? Оқуың қалай?» - дедім.

Жауап бердің -

жүзіңнен алау атып,

жаутаң-жаутаң

сен маған қарай бердің.

Бірде:

«Сізді ...сүй-е-мін, ағай», - дедің.

Сасып қалдым:

«Қалқам-ау, қа-лай дедің?»

Жауап бердің -

жүзіңнен алау атып,

жаутаң-жаутаң

сен маған қарай бердің.

Содан бері

сезімнің белесінде

елендеймін

ескірмес елес үнге...

Жауап алмай

сен жылап кеткеннен соң

ұзақ жаңбыр жауғаны...

әлі есімде.

# ТОЗБАС ТАҒЫМ

*Қаршадай кезімнен басталған,  
қуана сезінген басты арман —  
ақындық өнер ғой киелі:*

*Күнім боп шығатын асқардан,  
күшімен тау бұзып, тас жарған  
табиғат дарытқан сый еді.*

# ЖАЛҒЫЗДЫҚ ЖӘНЕ АҚЫНДЫҚ

Жігітке, дейді,  
жарасқан емес жалғыздық.  
Жә, сонда —  
көптің қолында ма екен бар қызық?!  
Жалғыздар көп қой:  
ақындар мен батырлар,  
немесе сүйген жар қызық!

Жалғыздық түсіп көрген жоқ -  
менің басыма.  
Өйткені,  
достар дүйім боп алған қасына  
және де —  
жебеп жүреді жақын-жанашыр...  
Жалғызбастылығым осы ма?!

Сонда да  
сірә, жалғыздық кебін тілемен...  
Қаламын  
шабыт шар қайрағына білеген  
Ақындар ғана  
оңаша ойды оятып,  
тыныштық сәтін тілеген.

Тілекті берді:  
Көзіммен таңды атырып,  
Жазамын өлең  
Жападан-жалғыз отырып.  
Қаламның ізі  
ғаламның жүзін шарлайды,  
тұңғиық ойға батырып...

Мінекей, сонда —  
жалғыздық түсер басыңа.  
Дәрменсіз болар, —  
алғанмен достар қасына.  
Бірақ та жырмен жұптасып,  
екеу боламын...  
Оқшаулатқаны осы ма?!

Осы емес болса,  
Осылай бекем отырмын,  
оңаша қалған көңілде  
ілім жатыр мұң...  
Ақындық үшін —  
жалғыздық күшін көрген мен —  
өлеңде жеке батырмын!





# ЖАЗУШЫ ТУҒАН ЖЕРІНДЕ

*(Ғабит Мүсіреповпен кездесуде  
оқылған өлең)*

Бесік болып тербеткен атамекен  
жүрегінде жазылып жатады екен.  
Ат арытып, алыстан келген ұлы  
тебіреніп,  
оған тіл қатады екен...

Бұл махаббат арманға асық кезден  
басталады —  
балалық... машық кезден...  
Сол махаббат құтайған  
қымбат ұлы  
қарайды екен жеріне  
ғашық көзбен.

«Дала бар ма —  
Есілдің даласындай!?  
Қала бар ма —  
Қызылжар қаласындай!?  
Мұндай мекен жаһанда бар ма екен?!  
Шіркін, туған жеріңнің бәрі осындай!

Табаныма тигенде топырағың,  
көкіректі кернеді —  
нөпір ағын...  
жанарыма жасырдым —  
жас күнімді,  
жайқалғанда жап-жасыл жапырағың...

Сағыныштың селіндей ақерке Есіл  
тербетіп түр

даңғайыр дән өлкесін.  
Туған жердің келбетін көшіріпті, -  
айдынына түсіріп көлеңкесін...

Дарқан дидар даланың көркі — Есілім,  
сен бір күре тамыры —  
жер төсінің.  
Саған деген сарқылмас сағынышты  
толқыныңмен таратшы,  
ерке Есілім.

Революция таңында қызыл жалын  
өңшең өрен: ұлы — от, қызы жалын  
күрескерлер атойлап атылғанда  
мен де ортада болып ем,  
Қызылжарым.

Ен даласын Есілге құндақтаған  
Қызылжарым- қашаннан қымбат қалам.  
Ұмытылмас  
сендегі сайран күндер.  
Қайран күндер, қымсынбай тіл қат маған.

Ей, «Елтіңжал», жасарып жайна дәйім,  
ақ қайыңды арудай аймалайын.  
Айта берсе,  
алғысым толып жатыр,  
атамекен, атыңнан айналайын!»

Туған жердің дидарын мүсін етіп,  
(арда жүрек тосыннан дүсір етіп)  
атамекен атынан мың айналып  
тебіреніп түр —  
Ғабит Мүсірепов.

# ӨЗ ГАЗЕТИМЕ АРНАҒАН ӨЛЕҢДЕРІМ

## I.

Ленин деп, ту деп табаны тозған Шындығым, -  
«Ленин туым» алпыста, міне, тұр мығым!  
Лайым Сен сөзін сөйледің арда халқыңның,  
лебізінді енді ақының айтар күн бүгін.

Лебізің Сенің - лебізі байтақ еліңнің,  
лекіген үнмен лениншіл лектен көріндің.  
Лаусыз жұртты жетелеп «Кедей сөзімен»,  
лапастан шыққан кесел мен дерттен жеріндің.

Лағнет айтып лашыққа қонған заманға,  
лаңшыл бай мен болысты салдың табанға.  
Ләм-мимді білмес сауатсыздарды сөйлетіп,  
лоқылдақ жолмен бастадың елді тек алға!

Лашықтан бастап «Бостандық туын» қададың,  
лезде жетті «Кеңестен» шыққан жадау үн.  
Латынша түгіл, арабша айтқан сөздерің,  
лап еткен от боп маздатты өмір алауын.

Лап қойған шақта қаптаған қаскөй дұшпаның  
лыпыған өткір қаламды білеп ұштадың;  
Лепірген жауды қасқайып тұрып қарсы алып,  
лаулаған оттай бостандық туын ұстадың.

Ленинмен, Тумен сен, «Ленин туым», жебедің,  
лұғатты сөзбен тыңда да елді демедің.  
Лаврдай мәңгі сарғаймас әрі тозбайтын  
лағылдай асыл газетім, сөйткен Сен едің.

«Ленин туым», айтайын басқа енді не?..  
лыпылдап тұрсың жігіттей әлі Сен, міне.  
Лүпілдеп соққан жүректей ыстық газетім,  
Лайықты тудың астында дәйім желбіре!

1980.

## II.

Тарланым менің, тереңге жайған тамырын,  
тиеді тарих жүгінің саған ауырын:  
тауға да шықтың, тасқа да шықтың тырмыса;  
тағдыр да тосты кеудемсоқ қарын, дауылын.  
Төздің-ау бәріне, бауырым!

Тарихтың зары, зобалаң зауал бар мұнда,  
тілек сол: енді жолыңды, тағдыр, тар қылма!  
Тарланым менің, заманның сөзін сөйледің,  
тақырдан оны шығардың майса шалғынға,  
тазасың оның алдында!

Талаурап тарих мылтыққа, мысалы, салғанда оқ  
турасын айтып, хақ ақиқатқа барған жоқ.  
Таскерен, соқыр болғандар жалғыз сен емес,  
тарих қой суайт, ал Сенде титтей жалған жоқ,  
түлей бер, енді арман жоқ!

Тамшылатшы бір шаттықтың мөлдір көз жасын,  
тас болып қатқан шеменді сөзің қозғасын.  
Тек қана шындық, түп-тұнық шындық сөйлесе, -  
тәнті жас түгіл, дегдарлар иер боз басын...  
Төрт парак туың тозбасын!

1990.

### III.

Жүректе желбіреген  
«Ленин туым»,  
жалп етті-ау бір-ақ күнде  
сенің туың.  
Алпыс жыл  
алашыма сөзінді арнап,  
жеткіздің  
бұл ғасырдың не дүмпуін...

Солардың ең нояны —  
егемендік,  
жоқ болды  
жолындағы бөгеген жүк.  
Тіл үшін  
ұлы айқасқа кірген едік,  
әйтпесе  
бұл өмірге неге келдік?

Жаңа мен ескінің  
бұл күресінде  
лап қойдық  
Ленин деген дүр есімге.  
Соққының бірі тиді  
саған, газет,  
не істерсің:  
жылайсың ба, күлесің бе?

Күлейік,  
жойылғанға жыламайық,  
мен білсем,  
жаңа аты, сірә, лайық!

Бас алмай  
«Ленин туын» оқыса рас,  
оқиды «С.Қ»-ны да  
бұ халайық.

«Солтүстік Қазақстан» —  
«С.Қ»-мыз ғой,  
сап етіп қолға қонған  
құтымыз ғой.  
Қарындай желтоқсанның  
тап-таза өзі,  
құйылсын әр бетіне  
бүкіл ізгі ой.

«С.Қ»-сы  
арман еді-ау Алматының,  
(алыпты байғұсым-ай,  
ол да тыным).  
Бұл «С.Қ»  
ол «С.Қ»-дан кем болмасын,  
әйтеуір,  
жақсылардың жалғашы үнін.

Жалғай бер  
Туған жердің төл тарихын,  
қартым бол шежірелі  
ел танитын.  
Нарықтың қыспағынан  
шыға алмаспыз, -  
халықтың  
көтерші бір қайта рухын!

Өңірдің шекарасы  
сенен өтсін,

әр жауың сені көріп  
елең етсін.  
Алаштың әр жігіті  
алшаң бассын,  
әр қызы  
етектерін көлеңдетсін...

Сен, «С.Қ»-  
Соңы емес, ортасы бол,  
қаймақтай дәмді болшы  
тортасы мол.  
Көздерін шұқып тұрып  
көрсететін  
біз туған жердің  
бір-бір картасы бол!

1993, желтоқсан.



# АҚҚАН ЖҰЛДЫЗ

*(Сәбит Мұқанов туралы элегия)*

«Көркем сөзге қаламы  
көрмеген әсте мұқалып.  
Мұның жазған адамы —  
Кәдімгі Сәбит Мұқанов»

Қайтыс болды дегенде  
билей алмай бойымды;  
қан тоқырап денемде,  
жалғай алмай ойымды;

Жүрісінен жаңылып,  
жүрек кетті дүрсілдеп.  
Тыныс-демім тарылып,  
Бас зеңіді, құр сұлдем...

Жоқ, Сәбеңдер өлмейді,  
өлмейді ісі мәңгілік.  
Кейіпкерлері сөйлейді  
ғасырларға жаңғырып.

Аза тұтса өлімін  
жазылмаған дастандар,  
жалғастырап өмірін  
Ботагөз бен Асқарлар.

Жанардан жас мөлдірер  
«Сырдария» суындай.  
«Жұмбақ жалау» желбірер  
Тіршіліктің туындай.




«Тыңда туған толқындар»,  
«Адымдары алыптың»,  
«Сұлушаш» та солқылдар  
жұбатпақ боп халықты.

Көздерден жас төгілген,  
Көңілден пәс күй ақты...  
Өтті-ау Сәбең өмірден,  
«Аққан жұлдыз» сияқты....

Көркем сөзге қаламы  
көрмеген әсте мұқалып.  
Қазақтың абзал адамы, —  
қош бол, Сәбит Мұқанов.

18 сәуір, 1973..



# КӨКІРЕКТЕГІ КӨПІР НЕМЕСЕ ЖҮРЕК ЖАЙЛЫ ЭЛЕГИЯ

Өмірім - өзен:  
тоқтаусыз аққан арқырап,  
қоғалы көлдер, қом сулар  
күйған сарқырап...  
Шұғыла шалған айдыны  
айна сияқты, -  
толқын да толқын күндерім  
жатыр жарқырап...

Жүрегім — көпір:  
жағалауларды шектейді,  
жақындатады —  
армандай алыс беткейді.  
Адамдар болса  
өткенде өмір -өзеннен,  
көкірегімдегі көпірге  
соқпай кетпейді...

Жұдырықтай-ақ жүректі деме:  
«далбаса...»  
жер басып жүрмес едім ғой  
ол болмаса?!  
...Өр өзен бұзып кетер, деп  
қауіптенбеймін,  
жүрмейтін жан жоқ -  
солардан қирап қалмаса?..

# ЖЕЛГЕ АЙНАЛҒАН АҚЫН

«Сап-сары бел,  
еседі жел,  
еседі...»  
Жұмбақ емес,  
жан сыры оның осы еді.  
Жұмбақ қылып жасырған  
«жел» дегені  
ол Мағжанның өзі екен  
деседі.

Мағжан, Мағжан...  
Мағжан ол — жел, Мағжан — жыр,  
өлеңдері —  
борай жауған ақ жаңбыр.  
Айхай, жастық!  
Албырт кезден армандап:  
«Жел емеспін мен неге?» —  
деп жазған жыр.

Муза оған жел беріп:  
«Ал қу!» — деді.  
«Мен—жел жүйрік», -  
деп Мағжан да гуледі.  
Қапас елдің  
желі болып ескенде  
топастардан  
бал орнына у жеді.

«Мен жел едім,  
кеттім сонда жел қуып».

«Тәңірі» деп  
отқа түсті бел буып.  
Алаш үшін  
аласұрған ақынға  
ажал аузын аша түсті:  
«Кел, жуық...»

Алаштағы  
ақындардың ең алды,  
қазағына айнымаған адалды  
қанды сүргін сыққанда  
күңіренді ол:  
«Жел болудан басқа  
маған не қалды? »

Шалдуар жел —  
шын сырласы сол ғана,  
содан шабыт алыпты ақын  
толғана...  
Ал адамдар  
Мағжанды ата жау көріп,  
құлатты оны  
қазып қойған орға да...

Болған шығар —  
Шаштан да көп жаласы,  
(дауа бар ма —  
бақастыққа дәл осы?)  
тек ақының  
түк қалмады артында,  
тым болмаса —  
меңірейген моласы...

Алапат жел –  
ажал күйі ойналып,  
жүре берді  
ақын желге айналып...  
... Желдей ескен өлең-жырға  
кез болсаң,  
қалт тұра қал –  
ер Мағжанды ойға алып...



# ЭКЗЮПЕРИДІҢ МОНОЛОГЫ

Заманда зымыраған зымыранмен  
Зәредей қорықпаймын ғұмырдан мен.  
Зәуде бір мотор өшіп, құлар болсам  
Заңғардан құлдилаймын шымыр әнмен.



# 1. РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

«Редакциям-ау,  
аузының желін аяған  
сендерге  
сәлем жолдай ма жайдан-жай адам?  
Жаспын деп жүріп  
отызға жасы таялған  
менікі —  
«қашан шығады?» деген баяғы ән».

Бір шықпай қойды —  
Батады маған сол енді...  
Әйтпесе өмір әсем-ді,  
көңіл көбең-ді.  
Өндірдей ақын  
өлкеде даңққа бөленді:  
жас қауым жатқа біледі  
ол жазған өленді.

Өлеңнен өмір туғызған басым  
дүр де едім:  
оңаша ойды оятқан отпен  
гүрледім,  
көзімнің шоғын,  
сөзімнің шоғын үрледім...  
Жетті ме, бірақ,  
жетпеді ме әлде —  
білмедім...

Өйткені солар  
баспасөз бетін бөктермей,  
қорғасын болып құйылған сәтті  
өткермей,

бөрінен бұрын —  
оқырмандарым көп көрмей,  
жоғалып жатыр —  
жақсы да көрмей,  
жек көрмей...

Петрарканың хатындай  
жолдан тұтпаса;  
көкпарға салып,  
көксеркелерді ұтпаса;  
жетуге тиіс, -  
жебір жер жалмап жұтпаса?..  
Әйтеуір, көңіл жоғалтып жұбын  
күпті аса...

О, сені қалай  
сәл жамандыққа қиям-ау?!  
Өлеңім шықса,  
өзгеге несі зиян-ау?!  
Менікі осы-  
жыр қуып, қағаз сиялау,  
ал соны былай...  
нетсеңші, редакциям-ау?!»

## **2. РЕДАКЦИЯДАН ХАТ**

Алматыға хат жазған  
ауылдан  
ей, жас ақын!  
Туды-бітті көрмеген  
сені  
кім бар басатын?!



Татыратын өзі кеп  
талай ақын ел дәмін,  
шалғайдағы ақынның  
шығарады осы атын!


Шығаратын  
газетке, журналға я кітапқа  
соларды сен сыйла әбден:  
ішкіз, жегіз,  
күт апта....  
«Ақын болып келдім», - деп  
ауылыңа қайт сосын,  
шарап қалса — бір ұртта,  
шылымыңды тұтат та....

Соғымыңнан қыста апар  
сақтап қойып сыбаға,  
бабын тауып бәрінің  
бас ие бер: «Құп, аға»!  
Құптауымен Ағаңның  
қосыласың санатқа,  
өле-өлгенше демейсің:  
«Өлеңдерім шыға ма? »

Бұған дәтің жетсе,  
онда беттің суын бес төгіп,  
өзің де ақын боласың,  
өзге ақынды сес көріп.  
Редакция дегендер  
ренжітеді демендер, -  
жариялап тұрады жырларыңды  
кесте ғып...

Бірақ келмес қолынан  
бұл елдегі аңқаудың, -  
ақшасыз  
ол жете алмас  
аясына паң таудың.  
Панасына алғанша  
паң ақыны қаланың  
ұясына жүз рет батып, шығар  
жалқау күн.

Ойнап айтам,  
жас ақын, жырларыңды жолдай бер,  
Қалықтасын құс болып,  
қондырмайтын ол қай жер?!  
Таныт туған еліңе —  
түрінді емес,  
жырыңды!  
О, муза,  
егер бар болсаң,  
жас ақынды қолдай гөр!



# ДЕМАЛЫС

Алдым-ау, әйтеуір, демалыс...  
Шаршап ем тындырып тәмам іс,  
алаңсыз енді аунап-қунайын.

Саялы жерлерге ең алыс,  
самолет, самғап бір мені ап ұш,  
шығыстан шалқалап туды айым.

Курортты, паһ, шіркін, айта бер!  
Кейін қап бар жұмыс, байтақ ел,  
қарсы алды басқа өлке, басқа әлем.

Мөлдір көл, миуа ағаш, майса жер!  
Мәз қылып жаңбыр да жауса егер,  
бітеді екен ғой тасқа да өң.

Іздесең таптырмас тыныштық:  
Естілмес қаржасқан дыбыс түк,  
Балбырап мүлгиді төңірек.

Арқаңнан өтеді – күн ыстық,  
адамдай болдырған жұмыс қып  
жатасың аймалап сені леп.

Таңертең тұра сап жүгірдім,  
табаным қытықтап бұдыр құм,  
түсті еске баяғы балалық.


Ой-қырды кездім, көп қыдырдым,  
ауасын қымыздай сімірдім,  
отыра алмадым қамалып.

Бірақта таппады жаным жай,  
ой қамап, қатары қалыңдай,  
отырдым елегзи, елеңдей.

Құдайым берген бұл дарынды-ай,-  
қалмайтын үндемей жарыңдай,  
сыбырлай бастады .... Өлең бе, ей?...

Жүре алмай қарусыз – қаламсыз,  
жеңе алмай өзімді амалсыз.  
қағаз ап күнұзақ жоғалдым.

Мен жырдан кетіп ем хабарсыз,  
отырып сол күні алаңсыз  
осы өлең жазып бір дем алдым!



## ҚАРА ПАЛЬТО

*«Япыр-ау, жүйрікпін бе, шабанмын ба?  
Шынымен бір шаба алмай қаламын ба?  
Үстімнен түспей қойды қара пальто,  
Көк бөрік, көк жағаның заманында».*

**Қасым АМАНЖОЛОВ.**

Жұрт тыныш,  
айдың күні аманында  
батады —  
ақын кейде нала-мұңға.  
Үстінен түспей қойды  
қара пальто  
қамқа тон,  
құндыз жаға заманында.

Арқаға жапқан  
жырдың сыйы, міне.  
Бұл өзі  
кіл ақынның киімі ме?  
Төрт елі жағасы бар  
Қара пальто  
жабысып қалған  
соның иініне.

Біліп қой:  
Бірақ мұны Қасым киген,  
Тірлікті күмбірлеткен  
Тосын күймен...  
Көк бөрік,  
Көк жағаның заманында-ақ  
Ел пірге пальто киген  
Басын иген.

Бәріміз шықтық  
оның пальтосынан,

өңірі – толған өлең,  
қалтасы - ән.  
Ақынға  
жұпынылық жарасады,  
бұрыңғы өткендердің  
салты осы. Нан!

Жұпыны киінбеген  
аз ақындар,  
қоңторғай жүріп  
бәрі жазатындар.  
Қызылы қашқан елдің  
мұңын мұңдап,  
шығармай қоймас  
ақын өз атын әр...

Иықтан  
қара пальто басады, рас,  
менмендік,  
байлық одан қашады, рас.  
Халықты  
тең ақыны түсінеді,  
мәңгілік оның жыры:  
неше қыр ас!

Қамқа тон...  
Жоқ, ақында оңдай шама!  
Еліне  
қанша жыр мен ән жайса да ...  
Ал егер бір тон тисе,  
Аяз бидей  
пальтосын қояр іліп  
маңдайшаға...

# МУЗА ТУРАЛЫ МОНОЛОГ

Пай-пай, муза!  
Сен ғана мәңгіліксің!  
Тек қана  
сымбатыңды әркім ұқсын!  
Бірақ, терең мәніңмен  
һәм сырыңмен  
Платонның өзін де  
дал қылыпсың!

Мандайдағы шырақтай  
көзіңмен көр,  
таңдайдағы бұлақтай  
сөзіңмен өр...  
Жо-жоқ, муза,  
біз сені сезінбес ек,-  
риясыз болмаса  
сезім егер.

Сезім, сезім...  
Ол-дағы әрқилы ғой,  
ол шарпыған құбылыс  
сан қырлы ғой.  
Бірі — көлем,  
Бірі - өлшем сұлу десіп,  
әртүрлі боп  
әркімде шалқиды ой...

Сені бірден түсіну  
және қиын:  
(қашан қабылдағанша —

сана, миың...)  
Әрбір қолда  
әрқалай құбыласың,-  
қайталанбай  
көне я жаңа күйің...

Данте болып  
аруға бас ұратын;  
Нифертити ажарын  
асыратын  
адамдар аз,  
Себебі, муза, сенің  
өз заңың бар —  
көркінді жасыратын...

Рас, өмірді өзгерту  
қиын екен.  
«Қариялар» -  
жай ғана бұйым екен.  
Рауаятын түсінбей  
Рембрандттың  
әркім қалды —  
қалпында үйі бөтен...

Бетховен де мақтанады  
бір-ақ рет:  
«Енді әлем  
тербеліп тұрады!» - деп,  
алайда  
өмір бәлендей өзгермепті,  
бәз-баяғы  
үр да жық ұраны үдеп...



Жоқ, Бетховен  
сол сәтте шаттанғанда,  
Балконская  
Сібірге аттанғанда  
Мүмкін емес —  
Жылт еткен бір жақсылық  
қосылмауы  
қызарып атқан таңға!...

Нәзіксіз-ау  
Хирондай тірілмеген,  
сонда —  
аңғал Геракл дірілдеген..  
Сондықтан  
біз қорғаймыз, аялаймыз,  
бәз қалпында —  
тозбаған, бүлінбеген...

Пай-пай, муза!  
Сен ғана мәңгіліксің:  
талай ғасыр тозбастан  
жаңғырыпсың.  
Джаконда сияқты  
уылжыған  
сенің сымбат-сәніңді  
әркім ұқсын!

1983.



# ТАҢҒЫ АСПАНЫМ

*Егіңді алқап екшейді ердің ерін,  
қызыл бидай қыздырар ер жігерін.  
Диқандар ғой даланың дүлдүлдері,  
дүрсілдетіп соқтырған жер жүрегін*

# ЖОРҒА ӨЛГЕН ЖОҚ

Жүп-жұмыр «Волга»  
атылған оқтай зулайды,  
жолаушы — жүрек  
бас білмес тайдай тулайды.  
Әйнекті ұрған  
әйлеңкес жел де суылдап,  
ипподромдағы көрермендердей  
шулайды.

Әнекей, алда —  
тұяғын жанып тас жолға,  
тайпала басқан  
төрт аяғы тең хас жорға.  
Дүлділдер озбай,  
делебе қозбай тұра ма, —  
атбегі қызды:  
сауырға қамшы басты ол да...

Даланың күйін  
төрт аяғымен боратып,  
даланың өнін  
жалымен желге таратып,  
барады —  
туған топырағынан сәл сүрінбей,  
беймәлім жорға  
бейтаныс бізді қаратып...

Көсілген сайын —  
күдіре белі басылып,  
қолтығын сөгіп,  
тынысы еркін ашылып,  
тайпалды дерсің, —

жалынан жаңбыр себелеп,  
тұяқтарымен  
тұтатып ұшқын, тас үгіп...

Жол айдын болса,  
дом жорға деген дүр балық  
төрізді жүйткіп,  
Ышқынды әнтек ырғалып.  
Жілік майы жоқ жылқы екен:  
ұшайын деді, -  
тұяғы  
жолға бірде сәл тимей,  
бірде анық...

Оқтаудай «Волга»  
тақала түсті еңсеріп,  
отырмын —  
басып озатынымызға мен сеніп.  
Сөйткенше болмай...  
Жалт етті...  
Көзі жарқ етті...  
Ылдиға қарай құлады  
жануар теңселіп...

Жығылды жорға  
Жеткізе алмай мұратқа,  
Сонда да —  
Тұяқ серппеді ол бірақ та, —  
құйрықсыз, жалсыз, қан-сөлсіз, жансыз  
жатты да, —  
о, сиқыр дерсің, —  
айналды темір пыраққа...

# КҮЗГІ КӨҢІЛ

Қайтатын құстар  
қанатын тез-тез қақты ма,-  
сүмбіле туып,  
су салқындаған шақ мына;  
қуанары қашқан жайлаудай  
қасаң бақ мына ....  
Бейсауат жүріп,  
беймезгіл кеппін аққұла!..

Бақ еді —  
Күннің кіл алтынымен апталған;  
жел емес,  
жұпар есетін әрбір шоқ талдан...  
Көп еді қыздар —  
көздері бізге оқталған;  
желғабаз, желбас жігіттер де жоқ -  
сап болған...

Жапырақ жайып,  
Жамырайтұғын әр ағаш,  
мен тұратынмын —  
маздатып шабыт, шала мас...  
Бүгінгі бақ ше?  
Желектен ада: жалаңаш;  
думаннан ада: тып-тыныш.  
Мұның бәрі оғаш!..

Қызыққа бөлеп  
қызылды-жасыл қаланы,  
билейтін жастар:  
байпаңы, дөйі, долаңы...  
ескі үйдің жұрты сияқты —

сол би алаңы ...  
Осылай ма еді —  
ойпыр-ай, күздің таланы.

Сүмбіле осы:  
сидам бақ енді торалмас;  
жазы өткен жасыл жастық шақ  
енді оралмас;  
егдерген Болат  
енді ол баққа бара алмас, -  
зайыбым менің,  
одан да анау орамды аш!..

## НАТЮРМОРТ

Күзде  
дән толықса да суға қанбай,  
күлше нан —  
жалқынданып туған айдай ...  
Қап-қара топырақтың  
аппақ дәмін  
көргенде —  
жүрек аттай тулағандай...

Диқандар дүр сілкінді  
кеуде керіп:  
«Тірлікте не бар —  
нанға тең келерлік?!»  
Сәлден соң -  
сапырылып қымыз келді,  
зерендер  
Күнмен бірге дөңгеленіп...

Қолда – нан,  
алда - қымыз ішілмеген:  
ошақта - қазан  
оттан түсірмеген.  
Жал, жая, қазы, қарта  
дәмді қайнап,  
бидайдай бункердегі  
дүсірлеген.

Қырманшы қыздар  
көзін ойнақтатып,  
құяды –  
қою шайды қаймақ қатып.  
Диқандар  
ең алдымен ауыз тиді,-  
нан дәмін, қасиетін  
ойлап... татып.

Әйтеуір, айнала маң -  
арай бүгін:  
тоғайған төңірекке  
тарайды үн...  
Үстінен дастарханның  
таба нандай  
нарт қызыл шырайымен  
қарайды Күн...

# ДАЛА ДИДАРЫ

(Илиястың ізімен)

## **ЖАЗ**

Жерің анау - ғұламадай оқшау ойға батқандай;  
желің анау — бойжеткендер тұсыңнан тіл қатқандай;  
көлің анау — жақұт жанар, көкшіл кірпік, ақ маңдай;  
күнің анау — байтақ аспан барлық отын жаққандай.

## **КҮЗ**

Жерің анау — ауыл біткен бірге той ғып жатқандай;  
желің анау — жон арқаңа аяз болып батқандай;  
көлің анау — сымбат-сәнін сүмбілеге сатқандай;  
күнің анау — торғын аспан төсіне орден таққандай.

## **ҚЫС**

Жерің анау — көн далаға күміс көрпе жапқандай;  
желің анау - қаперсізде қауып қалар қақпандай;  
көлің анау — жым-жылас боп қарға оранған  
оқпандай;  
күнің анау — шөкімдей шоқ, әрең іздеп тапқандай.

## **КӨКТЕМ**

Жерің анау - қалың қоныс қаптай көшіп жатқандай;  
желің анау - әсем әуен, майдалығы мақпалдай;  
көлің анау — көш тәрізді тұрған әлі аттанбай;  
күнің анау — нәрестенің шырайындай шат қандай!



# ҚАРА ЖЕРГЕ ҚАР ЖАУДЫ

Қара жерге  
қақ тұрмаған шақта мен:  
Жаздан  
Күзге қайтып келе жатқан ем...  
Ақша бұлттар  
барқын реңге ауысып,  
қас қағымдай сәтте  
оранды аққа әлем...

Қара түстер  
шымқай аққа боянды:  
қара орман  
аппақ болып оянды.  
«Қа-а-ар!.. » деп  
қара домалақ ұл қуанса,  
ақ сақалды дегдар  
белін таянды.

Нәті қара  
қасаң дала қабарды,  
көше, жолдар  
құбақандап ағарды.  
Шаңсорғышын іске қосып  
қара жер,  
өліараның  
қоқысынан тазарды.

Иә, ерте қыс  
қарашада жар салды,  
қошқыл әлем  
тамашалап қарсы алды.  
... Жаздан —  
Күзге қайтып келе жатқан ем,  
Алғаш рет  
Самайымды қар шалды...

# КӨКТЕМ

Алаудай жел білеген,  
жалаудай желбіреген,  
ордені жер-жиһанның -  
Ер Күні елжіреген;  
даланы дүбірлеткен;  
баланы күлімдеткен,  
өзегін біріні еткен  
өзенін гүрілдеткен;  
қанатын қайшылаған,  
тағатын қамшылаған  
достарын қос қанатты —  
құстарын қарсылаған;  
өлкемнің ақ маңдайын  
көркем күн, ақ таңдай Күн  
басатын шұғыламен,  
тосатын рахман райын;  
сол мезет қыж-қыж қайнап,  
елгезек ұл-қыз жайнап,  
трактор қырға шығып,  
шырақта жұлдыз ойнап;  
қалайша дамылдарсын:  
«балауса тамыр жайсын!»  
деп күткен осы келген —  
көп күткен, о, бұл маусым  
жерден де, көктен келді,  
селден де өктем келді:  
күбірлеп мен тұрғанша  
дүбірлеп КӨКТЕМ келді.

# НАН

Нан.

Атыңнан айналдым.

Нан дегенде —

бұлқынады бұлақтай қан денемде.

Тәңірі деп тағамның тауап қылам,

нан тұрғанда

жай таппас жан денемде.

Тау қарындай таза ол —

ар алдында.

Мыңның айтар алғысы бар алдында:

дүйім халық дилы боп тоғайып тұр,

нан — нәпақа,

тек сенен нәр алды да ...

Тап болғанда дүние дүңкіліне

күңіреніп жортқан жұрт Күн түбіне...

Байлық біткен татымай түйіріне,

менсінбеген мұндарды

мүлкің, міне.

Құрбан қылдым жолына —

жорға ... саулық ...

Үзім нанмен күн кешкем,

талғажау ғып...

Кепиеті атады, ей, адамдар,

жер бастырма —

жан болса... нанға жау ғып.

Ошақ оты, әнекей,

көлбеңдейді;

(әжелердің жаулығы желбеңдейді).

Соғысқа ешкім ешқашан сусамасын,-  
... түйір нанға телміреп,  
телмеңдейді.

Дарқандығын,  
Дәулетін дарытты мың,  
Осы емес пе —  
Бұл астың алыптығы.  
Мен мәңгілік төбеме көтеремін —  
Маңдай терден жаралған, жарықтығым!

## **ЖЕР ЖӘНЕ ДИҚАН**

### **I.**

Дәуірге  
дарқандықпен олжа салған  
дегдар Жер  
(екі миллиард жыл жасаған),  
жарадар екендігін  
дәттер еді,-  
зәуде бір  
дәрігердей тындаса Адам...

Пифагор:  
жүп-жұмыр, деп түсіндірген  
Жер  
сонда-ақ адамдардың сұсын көрген:  
титімдей шақпақ тастан  
от тұтатып,  
үңгірде бір-біріне күш білдірген...

Ойранын шығарыпты  
жер үстінің:  
Әрісі — неандарталец,  
берісі — кім?  
Гитлер, Наполеон...  
толып жатыр,  
басқа да айтсам...  
Жо-жок, келісімім!

Солар ғой —  
сәби Жерді отқа ораған,  
даланы дал-дүл қылды —  
оқ бораған...  
Не керек,  
ел қаралы, Жер жаралы  
замандар аз болған жоқ,  
кек тараған...

... Ролі зор,  
дейтін адам өмірінде,  
су —  
Жердің үштен екі бөлігінде.  
Жаралы Жердің  
ол көз жасы шығар,  
уаныш таба алмаған  
әлі күнге...

Өйткені,  
мылтық жерге көмілген жоқ,  
тасадан тас атқандар  
жеңілген жоқ.  
Қаулайды егістегі арамшөптей  
жасырып  
Жер қойнына себілген оқ.

Көбеген Жердің  
 дерті меңдеп еді,  
 дүние дәрігерге  
 кенде ме еді?  
 Даланың дәрігері —  
 Диқан екен!  
 Сол айтты:  
 «Жер жарасы емделеді! »

Диқандар  
 міне, осыны мұрат қылды.  
 Тізгіндеп  
 Темір тұлпар — тракторды  
 жер жырттып, оны өңдеп, тұқым сеуіп,  
 Егінге құндақтады —  
 қырат-қырды.

Жазылды Жер жарасы  
 осылайша,  
 табылды  
 Диқандардың досы қанша!?  
 Ендіктер, бойлықтар да —  
 бәрі егінжай,  
 ылди мен ойпаттардың  
 төсі майса.

...Халық бар —  
 төрт миллиард Жер бетінде,  
 қарашы:  
 Сен солардың келбетіне  
 олардың көпшілігі

Диқан болып,  
далада  
дән бесігін тербетуде.

Атадан мирас болған  
бұл мамандық,  
Өмірдің дәнін егіп  
тұлғаландық.  
Тілейміз:  
біз, Диқандар, Жер-Анаға  
тағы да  
екі миллиард жыл амандық!..



# ТЫНЫШТЫҚ ТЕҢІЗІ

*Тишины хочу, тишины.*

**А. Вознесенский.**

Тіршілікті  
«Тулаған теңіз» дейін.  
Тыныштықты ...  
(Ол жайлы лебіз кейін...)  
Теңіз болса  
дауылдың алдындағы  
тыныштықты  
ендеше мен іздейін.

Мен іздейін —  
у-шуды жақтырмаған,  
(мазасыздық -  
жау дерсің нақ бір маған).  
Қорқыт абыз тәрізді  
шарлайын жер,  
бірақ, бірақ ...  
тыныштық таптырмаған.

Таптырмаған —  
елсізде, ең далада:  
қайдан болсың сондықтан  
кең қалада?!  
Қала, дала —  
бәрі де хан базардай,  
айтшы:  
сонда тыныштық енді қайда, ө?

Енді қайда? ө?..  
Орман ба? Ол да ояу:



жарысады қаумалап  
жолда жаяу.  
Бәз біреулер  
балтамен бұтарлап жүр,  
табиғатты тып-тыныш  
сол ма аяу?!

Сол ма аяу —  
мүлгіген көк тоғайды,  
желі-талға  
ел құлын ноқталайды.  
Жас баладай тыншымай  
жүйткіген жел  
түбіріне талдардың  
тоқтамайды.

Тоқтамайды —  
түн түнеп тұрса-дағы,  
жел қорғанып,  
қар мен мұз құрсанады.  
Алағай да бұлағай боран  
түтеп,  
ақбоз атты батырдай  
бұрсанады.

Бұрсанады табиғат  
курортта да,  
тыныш тірлік бола ма —  
дулы ортада?  
Аяқ жетер жер түгіл,  
беу, тыныштық  
поезд әрең жететін  
жырақта ада.

Жырақта ада  
тыныштық сонда қайда?  
Рас болса,  
бар дейді: әлдеқайда...  
Жұрт айтады:  
«Тыныштық теңізі» бар.  
Сол теңізге барар ем ...  
Ол да Айда...

Ол да Айда болса,  
оған мен жете алман,  
көрінбеген ешкімге  
келбеті алдан...  
Ай теңізін ойға алып,  
тыншы, көңіл,  
жер үстінде  
ақырын тербет, арман...



# ҚЫЗЫЛЖАР

(М. Қанғожиннің осы аттас  
өлеңіне қосымша)

*Тұрғының, үйің, көшең - бәрі қымбат,  
Жеткенше тіл бояуы сені сырлап,-  
Қызылжар, қымбат қалам,- біткенше өмір  
Ең ыстық махаббатпен жүрем жырлап.*

**Сәбит МҰҚАНОВ.**

Қазаққа бүкіл қастерлі болған қашаннан  
Қызылжар біздің шымқай қызылмен жасанған:  
қызыл жарларды қаумалай қонған үйлердің  
қабырғалары қып-қызыл тастан қашалған.

Қызылжар таңы қып-қызыл болып атады,  
Қызылжар күні қып-қызыл болып батады.  
Қызылды-жасыл шапағын шашқан шат түні  
қонағуар жұртты құшақтап тыныстатады.

Қызыққа құмар қалаға қонған сән-сымбат:  
қапсағай үйлер тұрғандай әсем ән тындап.  
Қаншама көше, қаншама қоныс, қанша жан  
қиырдан келсең - алдынан шығар аңқылдап...

Қырмызы гүлдер көшеде оттай лаулайды,  
қызғалдақ тектес қыздары жанар жаулайды.  
Қол созымдағы аспаннан тамған қызғылт нұр  
қызылжарлықтардың алақанында аунайды.

Қан тамырындай Есілдің алып жүрегі  
Қызылжарымның құлпыра берсін реңі,  
қызыл да емес, ақ та емес, аман болсыншы —  
қалалықтардың осы ғой, бауырым, тілегі.

# ДАЛА – МОЛА

Жерлеуден соң  
жіберші бір далаға ой,  
дала деген -  
қазылмаған мола ғой.  
Өлсең, бітті -  
кіргізеді көріне,  
бір кісіге  
шалынып бір қора қой...


Өлсең, бітті -  
суық жерге кіресің,  
жазда -  
көк шөп,  
қыста -  
басып күресін.  
Ғұмыр бойы  
өзің жұтқан топырақ  
үйіледі.  
Жойылады бір есім.

Бүгін - мекен,  
Ертең - мола дала бұл,  
Бәрі - уақытша:  
қалады қыз, қалады ұл ...  
ұнататын сені  
әлеумет көп болсын,  
жылататын сол жұртыңды  
бола біл!

Бір «ауыл» бар -  
бір ауылдың астында,

айналатын  
жаратылған тас, құмға...  
Жер астында -  
адамзаттың жартысы,  
ағып кеткен  
ажал жеткен тасқында...

Ал әзірше  
Дала - туған мекенің,  
орнын басқан -  
шешенің де, әкенің ...  
Бір жанталас —  
қашан барып кіргенше  
ойламайсың  
оның мола екенін...



# ҮШ ТЕРЕК НЕМЕСЕ АТАҚОНЫС ТУРАЛЫ ДИАЛОГ

Елжіреп, езіліп жүрегім,  
Ел жаққа елеңдеп жүр едім.

Көргенде ауылдас ағайды  
қоңторғай көңілім тоғайды:

- Иә, хош келіпсіз қалаға!  
Ауылды айтыңыз ал, аға?..

Райлана қоймады ол бірақта,  
Рабайсыз уәж айтты сұраққа:

- Ел өзің көргендей... көшкенде,  
Ермеді сендерге еш пенде.

Сені жұрт ұқпаса — сол қайғы,  
Сондықтан сыр ашпай болмайды:

- Мамандық жөнімен қам ойлап,  
Келдік қой қаланың дәмі айдап...

- Сендерді сөкпейді бұл ағаң,  
деді ол, - үйлерің құлаған...

Өзім де құлауға шақ қалдым,  
Өзімді жұбатып ақталдым.

- Моладай тұрғанша мелшиіп,  
Мүржасы ән салсын, жел сүйіп...

Ол айтты:-Күйреді қораң да,  
Көмілді жұртың шаң-боранға...

Жақындап әлгіге бір адым,  
Жыларман болып мен сұрадым:

- Айтпақшы, терезе түбінде  
Ағаштар тұр ма өсіп бүгін де?..

- Сол болса сақталған дерегің,-  
деді ол, -тұр үш түп терегің.

Апырмай!.. Көз жасым мөлдіреп,  
Айтқаным жүрегім елжіреп:

- Әкемдей, шешемдей, өзімдей –  
Үшеуін көріңіз көзімдей.

- Жауын жоқ, дауыл көп мұндайда,-  
деді ол, теректер сынбай ма?

Түсінбей тұрса да дес бермей,  
мен айттым пышақпен кескендей:

- Тамырын жайды ғой үш терек,  
құлату үшін көп күш керек!!!

\*\*\*

Артта із қалмаса, қайтер ек,-  
Жайқала берсін үш бәйтерек!

# ШАҺАРДАҒЫ ЖҰТ

Жан сақтау қиын боп тұр  
тас қалада  
Мынауың -тұрмыс емес,  
масқара да.  
Жылы леп шықпайтұғын  
кіріп келсең,  
қарайсың құлазып бір  
баспанаңа.

Бас жарып,  
көз шығарды нарық-таяқ.  
Ешкім де отырған жоқ  
халықты аяп.  
Жұт деген  
Шаһарда да жетеу екен,  
ЖЫЛУҒА  
қойды алдымен жарытпай-ақ.

Қалайша басылмасын  
өз кеудеңіз,-  
ЖАРЫҚ, ГАЗ, ЫСТЫҚ СУ жоқ -  
төртеу деңіз.  
Түскі асты  
балауызбен жылытып ішіп,  
қараймыз үрейленіп  
ертеңге біз.

АҚША жоқ.  
ЖҰМЫССЫЗДЫҚ.  
ҚЫМБАТ БӘРІ.  
Қу жанға  
міне, осылар тым батты әрі...



Қаланы түнек басқан,  
бұрынғы жоқ -  
Жайнаған самаладай  
түнде оттары...

СОҒЫССЫЗ,  
ӨРТСІЗ,  
СЕЛСІЗ,-  
масқара да,-  
ЖЕТІ ЖҮТ орнап алды  
тас қалаға.  
... Қара су,  
қара нанға қамалдық қой,  
өлмесек жарар еді  
аштан, аға.

1997 жыл.



# ЖАЛҒАСТЫ ӘНІМ

*Қырық пенен елудің арасында  
кемелденген кезеңің жарасымды, ә?!  
Ақылың да, айлаң да, айбатың бар,  
Қажырлы іс, қайтқан күш – бәрі осыңда.*

# ПРЕЗИДЕНТПЕН СЫРЛАСУ

О, Нұраға, Нұраға!  
Мойныңды бері бұр, аға!  
Алашыңның бір перзенті  
айтқысы келіп тұр, аға!  
Термелеп толғап көрейін  
туғанда бүгін жыр, аға!

Сорың я бағың, Нұраға!  
Сақтаулы екен сыбаға,  
қырық жамауы бар қалың ел  
қалды ғой саған мұраға.  
Еншісі бөлек ел болып  
қуанғанымызды сұрама!

Қуандың Сен де, Нұраға,  
қуаныш деген құлаға  
мінгеннен кейін түспедік  
масайрап екі-үш жыл, аға,  
берілді қанша ас, шіркін,  
оқылды қанша Құран, ә!

Ақ көңілміз ғой, Нұраға,  
ақшаны шаштық бірақ, ә!  
Арақты суша сіміріп,  
аудар асалдық жыраға.  
Шұбатқа тойған тойшылар  
шүйірді мұрнын сыраға.

Ол дәурен өтті, Нұраға,-  
орында дүние тұра ма,  
бұлт етіп шығып кеткен соң  
ұстатпайды екен бұ баға.

Аспанға атқан бөркіміз  
топ ете түсті ұраға...

Енді хал мынау, Нұраға:  
езуімізден сүр аға  
ет жейтін жомарт қазағым  
құлып сап қойды қораға,  
Бар малын сатып бітіріп,  
қарайды шошып молаға.

Сонымен қазір, Нұраға,  
Сыйынып жүрміз Құдаға.  
Бір өзің кешір, я раббым,  
батып ек талай күнәға.  
Мешітке барып жүрсің ғой,  
Білесің өзің мұны, аға.

Қазіргім қиын, Нұраға,  
қымбаттап бәрі түр, аға.  
Алайын десең - ақшаң жоқ,  
қайтасың құрдан-құр аға.  
Көзімді сатып өтем бе,  
Қаптаған сыра-мыраға...

Ал, Нұраға, Нұраға!  
Ай жүр, жыл жүр, жүр, аға,  
Ақының болып сырласып  
айналдым мен бір бұлаға.  
Арманым жалғыз — бір міну  
Қуаныш деген құлаға...

# ДӘРІГЕРЛІК ЕМЕС КЕҢЕС

Отыздағы ойшыл жас,  
саған айтам.  
Қырықта ма анау дос?..  
Оған да айтам.  
Елу, алпыс...  
Қаншама жасасақ та,  
бір кемшілік бар —  
бізге жағалай тән.

Діlmөр болып отырған  
дітім мынау:  
«Дел-сал болып,  
демігіп тұтылдық-ау ...»  
демес үшін жұлқынып жасау керек,  
- басқаша бір қарекет ұтымдылау.

Көріп жүрмін  
көбіміз қозғалмаймыз;  
жасымызға жетпестен тозғандаймыз;  
Қолды ойнатпай  
және де мыйды оятпай  
отырамыз терлеп —  
тас қазғандай біз.

Нан үшін —  
мен: қозғалу керек, деймін,  
Жан үшін —  
мен: қозғалыс қорек деймін.  
Сондықтан да өз басым  
қаламымды

найза қылып,  
ат қылып,  
дедектеймін.

Түсінсеңші:  
Толстой жетпісінде  
коньки тепкен.  
Оны ермек деп түсінбе!  
Шөп шапқанын айтсаңшы  
сол графтың!..  
Сол қасиет жоқ қазір  
көп кісіде...

Таза жүріп —  
аршылған жұмыртқадай,  
автобуспен барамыз  
жұмысқа жай...  
Жоқ, болмайды!  
Қимылдап, қозғалындар,  
тым болмаса —  
қыбырлап құмырсқадай.

Жан үшін бе?  
Әйтеуір, қозғалайық.  
Нан үшін бе?  
Онда да озған лайық.  
Құмырсқасы құрғырды  
артқа тастап  
кеткендерге, -  
бәріміз мәз болайық!

1985.

# ҒҰМЫР

Адам... Ғұмыр...  
Нәресте туғанда —  
бір НҮКТЕ еді.  
пәк тәршілік пана екен:  
парақтарын бүктеді.  
Соның бірі  
көйлек пен жаялыққа мол жетті.  
Содан кейін  
дәптерін өмір өзі түптеді.

Сәби дәурен басталды  
ЖАЙ СӨЙЛЕМДЕР зерлеген:  
«ата», «ана»  
немесе «дала», «туған жер» деген.  
Шәкірттік шақ  
бәрін де нүктелермен шегелеп,  
бірте-бірте  
ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕРГЕ өрлеген...

Үтіріне - ҮТІР боп,  
нүктесіне — НҮКТЕ боп  
дөп қойылсаң, несі бар?!  
Қиын дейтін түк те жоқ!  
Бірақ өмір дегенің -  
шым-шытырық сөйлемдер,  
жете алмайсың санына:  
жыпырлаған көп те көп!..

Үтір менен нүктенің арасы алшақ:  
әудем жер  
және де —

кіл солардан түзілмейді СӨЙЛЕМДЕР.

Олар

бірде лекісе самал желдей аңқылдап,

бірде нала- мұң төгіп,

пәс күйімен гөй-гөйлер...

Нәубетінен жазбайды

нөпір ТЫНЫС БЕЛГІСІ,

санап болмас солардың сірә дә жоқ -

сенде ісі.

НҮКТЕЛІ ҮТІР, ҚОС НҮКТЕ, тағы басқа —

бәр-бәрін

екі еткізбес біз ғана —

екі дүниенің көнбісі.

Соның бәрін

жұмыста орындауға бейілсің,

Бірақ өмір жүктейді

тағы да одан кейін сын;

сен — шәкірт,

ол — мұғалім үй жұмысын береді.

Таусылмайтын тапсырма...

тауыса алмай кейісің.

Бірде — білім,

біресе батылдығың жетпейді,

дал боласың, -

дәптерде КӨП НҮКТЕЛЕР көктейді.

бірақ өмір

семсердей СЫЗЫҚШАМЕН бір тіліп,

жауабыңнан жалтартпас,

қайда қашып кет, мейлі!...



Күндіз –  
дөйге амалсыз жанасасың ЖҰРНАҚША,  
түнде –  
ойға шомасың, -  
қойылады ТЫРНАҚША.  
Ертеңіне  
ештеме ойламайсың - өтті күн,  
өтіп кеткен күндерді қоршауға алып  
түр ЖАҚША...

Өмір СҰРАҚ БЕЛГІСІН қойса ғана –  
тынамыз, -  
не қыламыз, -  
бүкіш бел кәрілікке мына біз?!  
Одан кейін өлім бе?!  
Қорықпаймыз одан да, -  
тастан соққан  
бір-бір ЛЕП БЕЛГІСІ боп тұрамыз!

1986.



# ОҢАШАДАҒЫ ОЙ

«Адамның төл мейрамы туған күн», - деп,  
келгендер ұсынған сәт бұған гүл көп —  
бәрі де ғайып болып ізім-ғайым,  
дүркіреп өте шықты —  
думан-дүрмек.

Осылай  
кеткеннен соң кіл келімсек,  
Оңаша ойға түсті —  
Бір келіншек:  
«Қадірін көптің білмей жүріппіз-ау,  
көңілді екен өмір —  
бірге жүрсек...»

Берілген оңаша ойдың бодауына,  
оқшауда  
көпшіл көңіл жадауы ма?  
Өзегін жарып шыққан нәрестедей  
қуыршақ құлазиды  
о да мына...

Бұл өзі келіншек-ті -  
жасаң, сыйлы,  
құлпырған бет-бәдені не сан қилы...  
Ал, қазір —  
бөз матадай боп-боз болып,  
өз басы  
өз үйінен тосаңсиды...

Не керек, жүрегінде жүзді мұңы,  
(мұң деген — іңкәрліктің ізгі гүлі).

Бетпе-бет жалғыздықпен қалды, міне:  
шоңғалдай  
шығып қалған күздігүні.

Осылай  
сол келіншек көзін бұлап,  
көңілді кісендеген төзім құлап,  
күтті енді, келер кешті, келер күнді,  
білдіртпей бір адамға өзін бірақ...

Бұл өмір  
көлеңкесін соң аша ма?  
Жоқ, жаным!  
Тірлік кешіп тамашада,  
көпшілік үшін –  
аса көңілді боп,  
ойлайсың, жылайсың -  
тек оңашада...



# АҚСАҚАЛДЫҢ АШУЫ: «СЕНІМДІ САҚТА!»

*Өрімдей жас жігіт міндекер болған  
қарттың өзіне де, сөзіне де шүбәланып,  
құлақ қоймағаны сонша – тіпті,  
даттауға дейін барды. Сол-ақ екен,  
бағзыдан бері шыдап баққан шал  
ақиқат алдында ашуын ақтарды...*

Бала басыңмен  
бағжиып қапсың арбасып,  
жасыңа жетпей  
жағама жүрме жармасып...  
көпшілік аузын күзету қолдан келе ме, -  
санасыз болсаң, -  
бірақ та қайтем қаржасып?..

Қу тілмен құлақ сауатын  
адам емес ем..,  
немерем тұстас желбасқа  
түк те демес ем, -  
қараптан-қарап күстаналанып мен тұрмын,  
әкеңдей жанға  
сенбейсің жорта неге сен?

Алдымен айтам:  
көңліңде дық қалмасын,  
сенімді сақта –  
өмірдің өткір алмасын!  
Жер басып жүрген жандарға сеніп,  
біліп қой:  
сенімсіз болсаң - өмірдің мәні болмасын!..

Қырық бірінші жылдың да көрдім зауалын,  
оғына — оқпен бергенмін  
жаудың жауабын.

Дұшпандар дәйім тозағын тігіп тұрса да,  
өртінен өттім,  
шағылған емес тауаным...

Осылай бабаң,  
(көрбала болмай!) белсенген,  
себебі маған, - естисің бе, ей? —  
Ел сенген!

Ел сенген шалдар төбешік болып қалғанша  
сендерге сая -бәйтерек тектес теңселген...

Хош дейік мұны.  
Осымен тынсын — бітті егес.  
Егдемен егес -ұят қой...  
Басқа күт кеңес...  
Адамға — адам илану керек.  
Әйтпесе —  
ел сенген маған сен сенбегенің -  
түк те емес...



# ҚОС ЖҮРЕК

Аяндап ол келеді,  
аяғын мамырлай басып.  
Күн оған жол береді, -  
Көлеңке жамырай қашып...

Дүйім жұрт қол береді,  
Дәуірдің ертеңін нұсқап.  
Өйткені, ол келеді  
Өмірдің өркенін ұстап...

Келешек жолы бастап,  
келеді ол сәбиханаға.  
Арманы оның асқақ:  
«Толсыншы әр үй балаға!».

Келеді Күнге асыққан  
халықтың нөпір легінде.  
Тулайды бірге соққан  
қос жүрек көкірегінде.

Ерекше хош тілегі,  
Ойланған оңаша ғана.  
Лүпілдеп қос жүрегі,  
келеді болашақ Ана.

# ӨРНЕК ДЕСЕ, ӨРНЕК ҚОЙ!

Паһ, туған жер!  
Сезімің шат, сергек бой.  
Сонда туды —  
Көрікті өлең, көрнекті ой.  
Атын қалай тауып қойған?!  
Айхай, ә!  
О, ауылым!  
Өрнек десе, Өрнек қой!

(Масаттанбас  
кіндік кескен жерде кім?!)  
Тәңір өзі  
тастан соққан Өрнегім!  
Талай елдің дәмін татқан  
кісі едім,  
одан асқан сұлуды  
мен көрмедім.

Өрнек деген —  
қаса сұлу бойжеткен,  
қалың тоғай — жігіттерін —  
сөйлеткен.  
Қашан келсең,  
қарсы алады жайылып,  
қыста — әппақ,  
жазда — жасыл көйлекпен.

Күміс таққан бұрым өрген  
Есілден  
оған түнде — ай,  
күндіз — Күн де тесілген.  
Міне, осындай

тендесі жоқ сұлуға  
тіл жете ме, -  
нәштей бере несін мен?!

Көздің сұғын қадап,  
оны көріп ал,  
омырауда —  
тозбайтұғын зері бар, -  
жыпырлаған  
қойбүлдірген тәрізді  
көк тастары —  
махаббаттың мөрі дәл!

Іші-сырты — тұнған жеміс,  
шеті — егін,  
ормандармен бүрмелеген  
етегін,  
көк тоғаймен кестелеген  
және оның  
шырайына  
тамсанумен өтемін.

Сұлу Өрнек киген көйлек  
ол гүлді,  
жидегі көп «Тобылғыны»  
ел жол қылды.  
«Тәуірбай» мен «Екішоқтың »  
жемісі-ай!  
Ұмытпаймын  
бал кезеңді, сол күнді!

Әр қиырда  
әсем-әсем жер көп қой,  
барлығы да



тамсандырды, тербетті ой.  
Барлығынан асатын жер біреу-ақ,  
ол ауылым, ол аяулым —  
Өрнек қой!

## ЕЛУ ТУРАЛЫ ЭЛЕГИЯ

### I.

Ей, бұл —  
елу жыл бұрын туу деген,  
ескен желдей үніңмен  
уілдеген.  
Төңірекке айнала  
аң-таң болып,  
көбелекті көре сап  
қуу деген.  
Түсінікті түгі жоқ  
тіршіліктің:  
топырақ не?  
су қайдан?  
күю неден?  
Соның бәрін білесің -  
мектебінде,  
өзгерместен —  
жас ұстаз, жуулы еден...  
Асыр салып ойнауың  
аздау болды-ау,  
өте шықты —  
балалық гүілдеген.

### 2.

Бар көңілді  
білімге бөлуменен,

оқулыққа  
күні-түн төнуменен  
жүргенінде  
өтеді он-он бес жыл,  
(бұл оқуда  
болсайшы өну деген?!)  
махаббатты айтсаңшы,  
махаббатты, -  
жүрегінде жатқан  
бір көмулі өлең.  
Тұра алмастай көрмесе  
ғашық қылып,  
тұла бойға от қойған  
ол у демен!  
Білімге де жарлы емес,  
сезімге де,  
жастық шағың  
болмады шеруден кем!

### 3.

Үйленумен  
және өсіп-өнуменен  
келер күнге  
қоясың сенуге ден.  
Отыз бенен қырықтың  
арасында  
қаперіңе кірмейді  
кему деген.

Мүмкіндік бар  
жететін мақсатыңа, -  
еңбегіңнің емшегін  
емуменен.

Ойлағаның, -  
ой, шіркін! -  
орындалса, -  
бір күндесің  
андиды сенің уменен.  
Міне, осылай  
40-ты қарсы аласың,  
жеңілумен,  
біресе жеңуменен.

#### 4.

Есік ашты  
ал, міне, 50 деген.  
Мосқалдыққа  
бұл өзі көну деген.  
Бұдан былай  
жүрісін баяулатар, -  
өткен өмір  
жүйріктей желуменен.  
Жұбанады көңілің  
тапқан кезде  
болашаққа,  
балаға сенуден ем.  
Екі айналып  
50-ге келе алмассың,-  
жанғаннан соң жалғанда  
сөну де жөн.

Ғұмырыңның ақырын  
ада қылып,  
көз жетпесте нүкте түр —  
өлу деген.

# БЫЛҒАРЫ

Ұлы Қазан төңкерісі  
жылдары  
комиссарлар ғана киген  
былғары  
сәнге айналған  
заман туды тағы да, -  
былп-былп еткен киімді аңсап  
жүр бәрі.

Ұлы Отан соғысы өткен  
жылдары  
дөкей бастық қана киген  
былғары  
сәнге айналған  
заман туды тағы да, —  
былп-былп еткен киімді аңсап  
жүр бәрі.

Көзді арбайды —  
қара, қоңыр, қызғылт түр...  
көбі — бастық,  
итбалықтай жып-жылтыр.  
Былғарыдан киіндіріп  
үй-ішін,  
былайғыны сорлатты ғой  
сылдыр тіл.

«Былғарыға татымайды  
мүлік кей» —  
бай жігіт түр  
жылт-жылт етіп сүліктей.  
Сол елдің сар былғарысы

үстінде,  
заты басқа демесең,  
дәл түріктей.

Ұлы өзгеріс,  
бұл дағдарыс жылдары  
бастықтар мен байлар киген  
былғары  
сәнге айналған  
заман туды тағы да, —  
жылт-жылт еткен киімді аңсап  
жүр бәрі.

Былғары...  
Оны малшы ғана кимейді,  
ол теріні  
жүн-мүнімен илейді.  
Тері шалбар бұтындағы  
тырсиып,  
шөншікті де,  
талысты да сүйрейді.

Тері шалбар...  
Тағы нең бар?  
Сүмдық-ай!  
Ойлап еді  
болады деп кім бұлай?  
Тағы да  
елге тері шалбар кигізген,  
Былғарылар,  
сендерді ұрсын бұл құдай!

Ұлы Қазан...  
Соғыс...

Ұлы дағдарыс –  
ауыр жылдар:  
аштық таяу, уағда алыс.  
Елге  
тері шалбар кигізгендерге  
былғарыдан киім кию  
боп жарыс...

Самсаған ел  
сорлап қалған жылдары  
үркердей топ  
үстіне ілген былғары  
сөнге айналған  
заман туды тағы да,  
... өперейін –  
жетсе әкеңнің бір малы...



# КӘРІЛІК ҚҰРТЫ

*Бұрын* аспан ашық болатын,  
бұлттар жерден қашық болатын.  
Күзде күн күркіремейтін  
Сол кезге көңіл ғашық болатын.

*Бүгін* аспан бұрсанған, сұсты,  
қара бұлтпен құрсана түсті.  
Күнұзақ осы: бұлыңғыр, бүркек,  
соғады жел де біршама күшті.

Бұлт мамығын бұрқыратады,  
жасыны және мылтық атады.  
Көріліктің кемірген құрты  
Буындарын сырқыратады.



# ТЕМІР ЗАМАН

Әйтеуір, алып қалып  
өмірді аман,  
адамзат өткерді ғой —  
небір заман.  
Ежелгі үнділерге,  
діндарларға  
сенетін болсақ,  
қазір — темір заман.

Сен, сенбе:  
бұл заманның темір нәті,  
ежелден  
көк темірге жегілді аты.  
Келеді —  
содан бері сүйреуменен,  
көп пе, аз ба орындалып  
не мұраты.

Әуелі жасалыпты —  
қола балта.  
Одан соң найза шықты  
ол қадалта.  
Соғылды —  
жебе, қанжар, әшекейлер,  
саусылдап  
темірмен де толады орта.

Бабалар ойланды —  
он жыл, ойланды он ай:  
жай балта  
айбалтаға айналды оңай.



Қаншама қару шықты  
содан бері,  
қаншама аза күйі  
ойналды жай...

Темірсіз түйілмеген  
түйін жоқ қой:  
түзде ме, үйде ме —  
ондай бұйым көп қой.  
Заманы қандай болса —  
адам сондай,  
сондықтан  
маған айту қиын лепті ой.

Пәтерлер айналғандай —  
сейфтерге,  
өзіміз —  
өзегі көн кейіпкерге.  
Құрсанған мұздай темір  
мына заман  
қауіпті әйелге де,  
қауіпті ерге.

Қорғайды —  
терезелер темір торлы,  
есігін темірледі —  
небір қорлы.  
Көрмейді, естімейді —  
сені олар,  
кіре алмай сыртта қалды —  
өмір сорлы.

Темірдің  
қақ бөледі тегеуріні:

сомдайды —  
елге, жұртқа елеуліні;  
кедейдің  
сықырлаған күні құрсын,  
ажалын сымнан тапқан  
әнеугүні.

Талайға арман қазір:  
темір ұшақ,  
көз салмас  
кезбе түрі көмір құсап.  
Ғарышқа кім ұшса да,  
селт етпейді,  
халыққа жаймаған соң  
өмір құшақ.  
Жұртыма қалқан керек,  
қанжар емес.  
Жұп-жуас оларға жат —  
жанжал-егес.  
Өмір ме, темір ме —  
оған мән де бермей,  
құрады —  
кеште, түсте, таңда әр кеңес.

...Өтіпті —  
алтын, күміс, мыс замандар,  
бізге де, үндіге де  
түс замандар.  
Ал мына темірімен  
сендіреді-  
үнділер —  
өз дініне ұста жандар.

30 тамыз, 2001.

# МҰХИТҚА ҚҰЯТЫН БҰЛАҚ

*Құдайберген Қалиевке*

Ылдиында  
аулының арғы Бірлік  
ытқып аққан көп бұлақ  
қарды үңгіп...  
Боран жаппас,  
аязда және қатпас.  
Білген жанға осы ғой —  
мәңгі тірлік!

Бұлақ —  
өмір беретін ұдайы нәр,  
(теңеу емес бұл  
олай-былай ұғар!)  
Мың жыл бойы шапшыған  
мәңгілік су,  
мың-мың жанның,  
иә, онда шырайы бар.

Құдайберген Қалиев —  
соның бірі.  
Қарықтырған суда көз  
оның нұры.  
Сынаптай-ақ бір судан  
бастау алып,  
сарқыраған теңіздей  
арынды ұлы.

Жапан түзде нәр берді  
нешеме жыл,  
желкілдеді —  
жолына төселе гүл.  
Масақтағы әр бидай —  
тамшы тері,  
мандайына жазылған  
пешене бұл.

Көпке басшы  
аузына ел қаратқан,  
көңілінде —  
кең-шалқар көл бар жатқан.  
Мыңға тиген,  
бірге емес, шапағаты,  
мұндай жанды сақтарсың,  
ей, Жаратқан!

Сірә де осы  
құдайдың берген бағы,  
сүйіндіріп ел-жұртты  
тәрдегі уағы.  
Оған нұрын шашатын  
әпкем менің -  
Сәулесі бар  
көк түгіл, жерде-дағы.

Көк пен жерден нұр алған  
Құдайберген,  
құдай оған  
нояндай шырай берген.  
Маң далаға орнатып  
дән мұхитын,

мұнарадай көрінген  
ұдайы өрден.

...Сол бір бұлақ  
құяды Есіліне,  
Жатқызады оны  
Ертіс бесігіне.  
Ол құяды мұхитқа  
Обьгі басып.  
Бірліктегі бір бұлақ  
осы, міне.

қаңтар, 2002.



# ЖАН ДОСТАРЫМ

*Өзі жалғыз жігітте бәрі де аз,  
(көбеймейтін түрі бар әлі біраз...)  
жан-жағына ол жалғыз жаутаңдайды,  
жалт қараған жасқа да, кәріге мәз...*

# МЕНИҢ ОТБАСЫМ

Атлантың қайыспас  
мен емеспін,  
сол дiңгектен  
сонда да кем емеспiн:  
шаңырақты көтеріп  
мен де тұрмын,  
оның батпан салмағын  
елемеспiн.

Елемеспiн:  
тұрғам жоқ бүгiлiп мен,  
тiреп тұрмын –  
нық екі жұдырықпен.  
Астында екі бұрыштың -  
екі қолым,  
бала-шағам жүрсiн деп  
ғұмыры ықпен...

Қалған екі бұрышқа  
зайыбым бар,  
көтеріп тұр қос қолдап  
Ай, жылында әр.  
Төрт бұрышқа  
төрт дiңгек бола бiлген  
ата-анадан асатын  
дөйi кiм бар?!

О, бiздiң  
бес саусақ - бес баламыз бар,  
Саласына бiр қолдың  
қараңыздар:  
бес саусақ та,

олар да біркелкі емес,  
әлпештеген жалғыз ұл  
және қыздар.

Төрт жұдырық  
кей кезде түйіледі,  
төрт бүркіттей  
төбеден шүйіледі.  
О, ондайда  
бес саусақ — бес баламыз  
іргедегі қамыстай иіледі.

Төрт жұдырық  
кей кезде ашылады,  
алақаннан  
мейір-нұр шашылады.  
Осы  
жеті жүректің тоқайласып,  
Осы  
жеті көңілдің тасығаны.

Отбасы — оны тіреген төрт жұдырық,  
Тістенемін —  
тұрып, я шарт жүгініп...  
Бес саусақ  
бес жұдырық болғанынша  
өтпеші, өмір,  
дертті я мерт те қылып...

23 қаңтар 2001 жыл.



# МӘРУАРҒА

Қосағым менің, Мәруар.  
Қарашы, сенде бәрі бар:  
көңілің қандай, көңілің, -  
көктемнің аппақ қары бар.  
Боталап тұрған көзінде  
бойлатпас көлдің нәрі бар.  
Ескен бір самал сөзінде  
емшіге біткен дәру бар.  
Алақаныңда, сипасаң,  
аурудан жазар дәрі бар.  
Құмалағыңа ақ сөйлейтін  
қарайды елтіп зәру әр.  
Қадірлеп сені жүретін  
құрбыларың да қыруар:  
сиремей жүрген солардың  
сыйлайтұғын шын түрі бар.  
Өмірінді айтсам, ол - өзен,  
жағалауының бәрі жар:  
Мысалға көп жыл сен күткен  
үйімдегі үш кәріні ал.  
Сөздерін екі етпедің  
тез тұрып таңсәріде әр.  
Бес құрсақ және көтерген  
бұл маңда кімнің жары бар?!  
Исі қазақта сендей аз, -  
инабаты бар, ары бар.  
жұрт үшін туған бір жансың,  
жүректе көптің зары бар.  
Жаратқан өзі жар болса,  
жөнің жоқ сенің тарығар.  
Өзіңе де сен, маған сен,  
өйткені менде қару бар.  
Ол қаруымның - қаламның -  
өзегі сенсің, ару жар.

29 қаңтар 2001 жыл.

# ГАЛСТУК

*Уәп Рахымжановтың  
рухына ескерткіш*

Алпыс тоғызыншы жыл.  
Сары күз-ді.  
Қайран, Уәкең!  
қамқорым жаны ізгі.  
Біздің «Ленин туына»  
басшы болып,  
жеткізген сол  
білгенге бәрімізді.

Бәріміз де  
ауыла өскендерміз,  
бала күнде  
қалдырған көшкен жерде із.  
«Ертең бәрің  
келмендер галстуксіз», -  
деген оның  
бұл сөзін хош көргенбіз.

Жағасы бір көрмеген  
түймеленіп,  
небір жігіт —  
бәрі де үйге келіп,  
галстукті байлады  
мойынына,  
қызметкер деген бір  
күйге еніп...

Кеңірдектер қылқиған  
жұмырланып,  
сүйреңдеген ауыздан

сыбыр қалып,  
жол көрсеткен секілді  
галстуктер  
нұсқап тұрды  
зиялы ғұмырды анық.

Бәрімізді  
галстук қылқындырып,  
алды-артыңа қаратпай  
жұлқындырып,  
зиялылар көшіне  
әкеп қосты,  
мәдениет дегенді  
мүмкін қылып...

Ол бір жылдар  
басылмас бар ыстығы,  
аңғарыла қоймайтын  
алыстығы.  
Мойныңдағы  
ұшы үшкіл көрсеткіші, —  
зиялының  
тастамас галстугі.

Өмір —  
көзің жетпейтін алыс нүкте,  
тып-тыныш боп тынады  
жарыс түпте...  
Зиялының жаны —  
бас-сағатының  
салбыраған тілінде —  
галстукте...

1999.

# ҚЫЗҒА БЕРМЕС ҚАРАҒАЙ БАР

(Мәруарға)

«Қарағайлы орман»  
деп аталған  
санаторий атаулы  
толып жатыр.  
Соның бірі  
бір күнде жете алатын  
Қостанайдың  
күншығыс жолында тұр.

Жетпісінші жылдар-ды.  
Жаздың басы.  
Көргенім еді курортты  
бірінші рет.  
Қалды есімде —  
көп әрі аз күн осы.  
Жаңа үйленген жас кезім.  
Түрім — сурет.

Осында екен —  
жұмағы дүниенің!  
Жар сал: «Е-hey! »  
Немесе: «Ахау! » - Ән сал.  
Сол алғашқы рақатым —  
міне, менің.  
Бар ауруым —  
жүректе ақау бар сөл...

Ойыны ма, шыны ма —  
құдай білсін,

дәрігердің  
біртүрлі болды айтқаны:  
«Жүрекке ем  
бір сұлу ұнай білсін.  
Әйтпесе...»  
деп күдігін ұлғайтқаны...

Жөптеді жұрт:  
«жаны бар бұл сөздердің».  
Жә, оны қой.  
Сәнді екен санаторий.  
Жолсоқты едім,  
көргенде кілт өзгердім:  
есік ашты  
көп коттедж — дала толы үй.

Құшақ жайып қарсы алды  
қарағайлар,  
шипалы көл,  
шайыр жел- барлығы да.  
Көкіректе оянып  
баяғы ойлар,  
сұлулықтың жүгінді  
жарлығына.

Ғашық көзбен қарадым  
төңірекке,  
су мен нудың  
елтідім кешкі үніне.  
Көзім жерде болғанмен,  
көңіл — көкте,  
тірей алмай ойымды  
ешбіріне.

Қыз шіркіндер көп екен:  
жас та сұлу,  
мүсіндері  
мәрмәрдан құйылғандай.  
Жоқ сияқты —  
олардан асқан сұлу,  
әттең, ғашық болмадым  
түгім қалмай...

Мен құмарттым-  
жап-жасыл орамалы,  
тікірейген  
жап-жасыл кірпіктері,  
сом мүсіні  
құйылған қола бәрі,  
бұлт-бұлт еткен  
көп сырға — бүршіктері; .

қысы-жазы  
шырайы бәз қалпында,  
күндіз-күнге,  
ал түнде қарап айға,  
басындағы мың жылдық жазды  
алтынға  
айырбасқа бермейтін  
қарағайға...

...Қарағайдан кем емес  
бар мүсіні,  
қарағайдан аумаған  
мінезі де,  
бірқалыпты қарсы алып  
әр кісіні,  
үнсіз-тілсіз қаратқан  
бір өзіне;

қарағайлы аймақтың  
ашаң қызы,  
табиғаттан тапқандай  
үйлесім ең,  
сайрап жатқан  
санамда  
қашанғы ізі  
жан жарымнан басқаны  
сүймесің мен!

## ЕЛГЕ БАРАМ


Шырайланған шақ осы  
демде ғалам:  
шілде туды!  
Ендеше мен дем алам!  
Өзің қарсы ал ұлыңды, туған жерім!  
Қош бол, курорт!  
Сен өзің емде, далам.  
«Саяжай» деп  
бір кезде менсінбеуші ек,  
енді ес жоқ:  
мен ертең елге барам!  
Баратындай  
баяғы курортыма  
ақ қағаз бен киімді  
теңдеп алам.  
Базарлық бар  
бәріне туыстардың,  
көйлектің ең жақсысын  
жеңгеме алам.

Әкең туған,  
ал шешен түскен елге  
бірге еріп барасың  
сен де, балам.  
Сол ауыл ғой  
жаратқан мені ақын ғып.  
Жорғалашы  
өлеңді жерде, қалам.  
Мен, әйтеуір отырмын  
мың қуанып,  
көрмегендей мұндайды  
өңге адам.  
Көңілімде,  
рас, аздап күдік те бар:  
ахуалына ауылдың  
мен де алаң.  
Ағып жатқан бұлағым  
бітелгендей  
күндіз – жым-жырт,  
түн – түнек,  
теңге қараң...  
Бірақ бұдан сасатын  
ауылың жоқ  
Және елу жетіге келген  
ағам.  
Жойылмайтын ешқашан  
оны – ауылды –  
тарихына қазақтың  
жөн балаған.  
Аман болса қазағым –  
ауыл да аман,  
сыңайына айы өткен  
сенбе, балам.  
Дәл осылай



табандап тұра бермес. —  
ақылға емес,  
ақшаға кенде қоғам.  
Ауыл алып шығады  
бұл батпақтан.  
мен сенемін!  
Мен ертең елге барам.  
Ағайынға  
ат басын тіреймін де,  
өз үйімнің жұртына —  
көңге барам.

Содан кейін  
ізімен балалықтың  
жел диірмен тұратын  
дөңге барам.  
Содан кейін...  
Сағындым барлығын да.  
Балаңды күт.  
Барамын, Өрнек — анам!



# МАЗМҰНЫ

Алғысөз .....	5
<i>Алғашқы адым</i> .....	7
Көктем.....	8
Анама.....	8
Жарық жұлдыз.....	9
Күздігүні туыппын.....	10
Махаббат.....	11
Өлеңім.....	12
Хош келдің .....	13
Бұл көктем.....	14
Қара көздер.....	15
«Сырласым-ау...» .....	16
Қыр суреттері.....	17
<i>Жап-жас шағым</i> .....	19
Аспандағы арғымақтар немесе балалық туралы этюд .....	21
Мода туралы ода.....	22
Перизаттар портреті .....	25
Той толғанысы.....	29
Той койлегі.....	33
1. Сырымбетке сапар.....	35
2. Бейтаныс бойжеткен.....	36
Ескі клуб.....	38
Құс-қарындас.....	40
Жиырма жеті жасымда.....	42
Экспромттар.....	43
Ауырма, апа! .....	44
Қайрау.....	45
Әлі есімде.....	46
<i>Тозбас тағым</i> .....	47
Жалғыздық және ақындық.....	48
Жазушы туған жерінде.....	50
Өз газетіме арнаған өлеңдерім.....	52
Аққан жұлдыз.....	57
Көкіректегі көпір немесе жүрек жайлы элегия.....	59
Желге айналған ақын.....	60
Экзюперидің монологы.....	63
1. Редакцияға хат.....	64

2. Редакциядан хат.....	65
Демалыс .....	68
Қара пальто.....	70
Муза туралы монолог.....	72
<b>Таңғы аспаным</b> .....	75
Жорға өлген жоқ.....	76
Күзгі көңіл.....	78
Натюрморт.....	79
Дала дидары.....	81
Қара жерге қар жауды.....	82
Көктем.....	83
Нан.....	84
Жер және дикан.....	85
Тыныштық теңізі.....	89
✓ <u>Қызылжар</u> .....	92
Дала – мола.....	93
Үш терек немесе атақоныс туралы диалог.....	95
Шаһардағы жүт.....	97
<b>Жалғасты әнім</b> .....	99
Президентпен сырласу.....	100
Дәрігерлік емес кеңес.....	102
Ғұмыр.....	104
Оңашадағы ой.....	107
Ақсақалдың ашуы.....	109
Қос жүрек.....	111
Өрнек десе Өрнек қой.....	112
Елу туралы элегия.....	114
Былғары.....	117
Көрілік құрты.....	120
Темір заман.....	121
Мұхитқа құятын бұлақ.....	124
<b>Жаң достарым</b> .....	127
Менің отбасым.....	128
Мәруарға.....	130
Галстук.....	131
Қызға бермес қарағай бар.....	133
Елге барам.....	136

**Болат ҚОЖАХМЕТОВ.**  
**Өлеңдер.**

Редакторы М. Нұрмұқанов.  
Корректоры автор.  
Дизайнер С. Ахмадиева.

Терілген уақыты 2001 жылғы тамыз. Басуға 2002 жылы қол  
қойылды. Офсеттік басылым. Әріп түрі “Times/Kasakh”.  
Пішімі 60x90, 1/16. Көлемі 10 баспа табақ. Тапсырыс 800.  
Тапсырыс беруші Б. Қожахметов. 500 дана. Бағасы келісімді.  
Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы,  
Конституция көшесі, 11. “Полиграфия” ААҚ облыстық  
№ 6 баспаханасында басылды. 2002 жыл.